Томас В.Арнольд, изучая Коран, идеи и учения суфийстов говорил, что – «Чувство справедливости – один из прекраснейших идеалов Ислама. В этой религии он обнаружил те же действующие жизненные принципы, о которых говорится в Коране. И эти принципы – не мистический, а практический кодекс поведения на каждый день, годный для всего мира...» [1].

В заключении хочется отметить, что в 2007 году город Ташкент был объявлен Международной Исламской организацией по вопросам образования, науки и культуры (ISESCO) столицей исламской культуры. Это способствовало развитию культурных связей между другими странами, углублённому изучению научно-просветительского, историко-архитектурного наследия исламской культуры, его возрождению и пропаганде, активизации межрелигиозного диалога. Этого высокого и почётного звания Ташкент был удостоен за выдающиеся заслуги Узбекистана перед исламской культурой и наукой, за сохранение памятников



истории и дальнейшее обогащение исламского наследия. В 2014 году город Грозный (Чечня) был объявлен столице исламской культуры.

Великие учёные Центральной Азии внесли бесценный вклад в развитие мировой научной и философской мысли. Благодаря им сохранилась преемственность в развитии науки. Они и в настоящее время занимают важное место в цепи развития мировой культуры.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Абдур-Рахман Аш-Шиша. «Ключ к пониманию Ислама», Саудовская Аравия: Эр-Рияд. 54 с.
2. *Хаскинз, Чарльз Гомер*. 1870-1937, американский историк, признанный эксперт по истории средних веков.
3. *Дафферин (Dufferin), Фредерик, Темпл Гамильтон, Темпл Блэкеуд*. Маркиз (1826-1902) – английский государственный деятель и дипломат, либерал, крупный землевладелец в Ирландии, генерал-губернатор Канады, вице-король Индии.
4. Умар Фарух Сайдо аль Жазари-Гасаввуф сирлари. Ташкент: Моуареуннахр. 2004.с.58.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада сопылық ілімнің келіп шығу тарихы, дамуы және ұлы ғалымдардың осы ілімге деген көзқарастары жайлы қарастырылған.

**(Маликова С.С., Нишанбаева К.В. Мәдениет контексінде сопылық)**

#### SUMMARY

This article investigates the occurrence and development history of Sufism, the doctrine of Sheikhs – Sufis and their contribution to formation of a scientific and philosophical thought.

**(Malikova S.S., Nishanbaeva Q.V. Sufism in the Cultural Context)**

ӘОЖ 297. 5

**Ә.ТӘЙТЕЛИЕВА**

Аймақтық әлеуметтік инновациялық  
университетінің доценті

### **ХАДИС ТЕ, МАҚАЛ ДА БІР ӨНЕГЕ**

***Аннотация.** Бұл мақалада қазақ халқының асыл мұрасындай сақталып, ел арасына кеңінен таралған сөз мәйегі – мақал-мәтелдеріміз бен пайғамбарларамыздан бізге жеткен хадистерінің адам тәрбиесіне тигізер әсері, ұтқыр да ұтымды ойлардың өзара сабақтастығы туралы мәселелер қозғалған. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» дейді Хәкім Абай. Білгенге маржан демекші, хадистердің де, мақал-мәтелдердің де адам баласы үшін тәлім-тәрбиелік мәні зор. Әсіресе, жас жеткіншектерді имандылыққа баулу барысында мақалды дұрыс пайдалану, хадистерді орынды жеткізу қажет-ақ. Хадис деген не? Мақалдың мәйегі неде? Автор осы мәселелерге тоқталып, өзінің түйген тұжырымдарын ортаға салады.*

*Кілт сөздері:* хадис, мақал, мәтел, пайғамбар, иман, ұят, обал, сауап, парыз, қағида.

*Ключевые слова:* хадис, поговорка, пророк, честность, стыд, благодеяние, долг, правило.

*Anahtar kelimeler:* hadis, atasözü, peygamber, iman, ayıp, vebal, sevar, farz, kaide.

*Key words:* hadees, proverb, prophet, honesty, shame, benefaction, debt, rule.

*«Хадистер».* Аллаһтың хабар беруімен пайғамбарымыз Мұхаммед ғ.с-ның аузынан шыққан, Құранға енбеген, ғибадат немесе теберік үшін оқылмайтын, оны оқығаны үшін сауап жазылмайтын, айтылған сөздері мен төреліктерінің жинағын «хадис» дейміз [1], -дейді Имам Нәуәуи өзінің «Хадистер жинағында».

Хадис - мұсылмандар үшін Құраны Кәрімнен кейінгі екінші кітап. Олай дейтін себебіміз: хадисті оқып, көңіліне тоқыған адам пайғамбарымыздың өмірдегі қарапайым бейнесін, атқарған жұмыстарын, ұстанған ой-пікірлерін, жақсы көрген не жақтырмаған заттарын тайға таңба басқандай анық көріп, ғибрат алып тәрбиеленеді. Қоғамда болып

жатқан Ислам дінінің түрлі мәселелері төңірегінде құнды мағлұмат алып, парыз, уәжіб, сүннет, адал-арам, жақсы-жаман, ұят-иман, обал-сауап қағида-ережелерімен жақын танысып, адамның жан сарайы нұрлана түседі.

Мақал-мәтелдер туралы қазақтың айтулы азаматы, әдебиет зерттеушісі Ахмет Байғұрсынов өз ойын былайша өрбіткен: «Мақал да тақпаққа жақын салт-санасына сәйкес айтылатын пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызды, шыны келеді. Мәтел дегеніміз – кезіне келгенде кесегімен айтылатын белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ, мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады. Ал, мәтел болса ақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады» [2].

Мақал-мәтелдер – ғасырлар шежіресі. Оның ішкі мазмұнында халықтың тарихы, тыныс-тіршілігі, салт-дәстүрі, бітім-болмысы жатады. Оны ұтымды жерінде қолдана білу адамдардың ақылды, тапқыр, шешен екендігін көрсетеді. Мақал-мәтелдер өзінің ой дәлдігімен, тереңдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленеді. Халық ойын аз ғана сөзбен, шебер жеткізе білген. Мақал-мәтел нақыл сөз есебінде қызмет атқарады. Мақал-мәтел айтуға оңай, оралымды, тілге үйіріле кетеді, ойы өткір, ұшқыр, терең. Ол осы көркемдік сапасымен де құнды. Халық мақал-мәтелде сөзді барынша үнемдеп қолданған. Ал, хадисте ондай емес. Ұзақ та, қысқа да сюжетпен өсиет, уағыз түрінде айтылған хадистер де бар. Мақал мен мәтелді кім шығарғанын анықтау қиын. Мақал – сөздің мәйегі, сөздің дәмі, ойдың жинақталған тоқ етері. Қазақтың мақалында: «Тұз астың дәмін келтіреді, мақал сөздің дәмін келтіреді» демей ме [2]?!

Мақал-мәтелдер қосарлана айтылып, бір-біріне ұқсас сияқты көрінгенімен де екеуінің өзара айырмашылығы бар. Ол айырмашылықты ойдың түйінделуі мен құрылымы жағынан байқауға болады.

Енді мақал мен хадистерді салыстыра отырып, олардың сабақтастығына тоқталсақ. Хадистер де, мақал-мәтелдер де әр түрлі тақырыпта болады және сөз мәнін ұғынған адамға үлгі-өнеге алатындай ғибраты мол. Хадис пен мақал-мәтел тәлім-тәрбие беру жағынан өте ұқсас, ой-пікірлері де өзара сабақтас келеді.

Халық мақалында «Біреуге өлім тілегенше, өзіңе өмір тіле» десе, Әбу Хурейра жеткізген хадисте: *«Ия, Расул Аллаһ! Мушріктерге қарсы бір дұға-тілек жасаңызшы»-дегенде: «Мен лағынет етуші емес, бәлкім рахымет етуші етіп жіберілгенмін»-деді*. Міне, осы мақал мен хадистің сабақтастығы мен үндестігіне келер болсақ, адамдар бір-біріне жаман пиғылда болып, өлім тілемей, керісінше жер бетінде бір-біріне дос, бауыр туыстай болып, тыныштықта өмір сүрсін деген ниетте тағылым-тәрбиеге шақырып отыр.

Ал, енді мына: «Атаң өлсе де, атаңның көзін көрген өлмесін» деген

мақалда «көз көрген» деген керемет түсінік бар. Оның мәнісі әкең өлсе де оның достарын ұмыт қалдырмай, сыйлап, барыс-келіс жасап тұрғын дегенге келіп тіреледі. Демек, ұрпақ тәрбиесі. Осы тектес мағынаны хадисте де айтып кеткен: *«Әкеңнің достарын құрметтеп, олармен қарым-қатынасты үзбе. Қарым-қатынасты үзсең, Аллаһ нұрыңды сөндіреді»*-дейді. (Абдуллаһ ибн Динардан. 37 бет. №32. Әдәбул муфрод.) Қандай ғибрат десеңізші.

Сараңдыққа байланысты «Таспен ұрғанды, аспен ұр», «Бермегенді беріп ұялт» деген мақал болса, хадисте: *«Аллаһ үш түрлі тамаша мінезі бар адамды жәннатта қорғайды. 1) Саған бермегенге сен бер 2) Саған келмегенге сен бар 3) Саған жамандық жасағанды кешір»*-дейді. (Табараний, Хаким риуаяты) Бұл мақал мен хадисте де сараң адамдар сияқты болмай, бір-біріне барып, араласып тұрындар, жақсылық жасаңдар деп кешірімді болуға, мейірімді болуға шақырып тұр. Міне, бұл жерде де мақал мен хадистің бір-бірімен сабақтастығын байқауға болады.

Ислам дінінде адамның денсаулығына ерекше мән берген. Халқымыз «Денсаулық - зор байлық», «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деп бекер айтпаса керек. Оны пайғамбарымыз с.ғ.с-ның мына хадисінде де былайша аңғартады: *«Аллаһ ауру бергенге шипасын да қосып береді. Соның үшін де емделіңдер», «Кеселді садақамен емдеңдер»*-деген. Бұл хадистегі айтпағы, адам ауырмай тұрып әрбір мүшесіне садақа беріп тұруы керек екен. Қазақта да «садақаны сауда бер» деген сөз бар емес пе? Пайғамбарымыз с.ғ.с. болса: *«Ия, Аллаһ! Ауруымды азайтып, сауабымды көбейт»*-деп әрдайым Аллаһтан дұға-тілек тілеп жүрген.

Мінез-құлыққа байланысты туындаған мақал-мәтелдер де көп. Соның ішінде ашу-ыза туралы: «Ашу - дұшпан, ақыл - дос», «Орынсыз ашу - от шашу», «Аюды жеңген - жарты ер, ашуды жеңген - бүтін ер» десе, хадисте: *«Күрескенде жыққан адам мықты емес, ашуы келгенде өзін ұстап, ашуын жеңген адам нақ мықты адам»*, -деген [3, 102 б.].

Неге десеңіз, ашулану - адамның мінезін өзгертіп, денсаулығына зиян келтіреді. Одан келетін салмақ жүрек пен бүйрекке түседі. Өйткені, ашу денедегі қан айналымы жүйесінің астан-кестеңін шығарып, қан тамырларының тарылуына себеп болады. Қанның емін-еркін айналуына жол бермейді. Сондай-ақ адам ашуланған кезде қанның құрамындағы қант мөлшері артады. Соның үшін де жүрегі ауыратын адамдарға ашуланбауға кеңес береді. Адамның санасын игере алмауының себебі де, қан айналымының нашарлауынан болады. Адам ашуланбауға тырысу керек. Өзін ашуландырған адамды кешіруі тиіс.

Осы хадис пен мақалдар құрылысы, сөз саптауы жағынан бір-біріне жақын келіп, тәрбиелік мәнінің тереңде жатқандығын байқаймыз. Хадисте де, халық мақалында да адамдардың денсаулығын ойлап, олардың

сабырлы болуын, ұстамды болған адамның халайық арасында жағымды болып, ол адамнан үлгі алатындай бір тұлға шығатынын, қоғамда, жанұяда тыныштық орнайтынын мақал мен хадиске қосып, жер бетіндегі адамдарды сол таптырмас мұра арқылы тәлім-тәрбиеге, үлгі алуға шақырады.

Үйленіп, үй болып кету туралы да қазақ мақалында: «Ердің жақсысы елімен ойласады, әйелдің жақсысы ерімен ойласады» десе, Әбу Хурейрадан жеткен хадисте: *«Аллаһқа, қиямет күніне сенген адам көршілерін ренжітпесін, әйелдерге жақсылықты өсиеттеңдер. Әйел қабырға сүйектен жаралған. Қабырғаның қисық екені мәлім. Оны түзетпекші болсаң, сындырасың. Сол қалпында қойсаң, қисық күйінде қалады. Сондықтан да әйелдерді аялаңдар»* (Бухарий, Термизий, Муслим риуаяты)-деп, әйелге дөрекі мінез көрсетіп тәрбиелемеу керектігін айтып отыр. Мақалда әйелдің жақсысы еркегімен ақылдасады дегендегі мақсаты: әйел затының еркектің сол жақ қабырғасынан жаралғандығын, екеуі бір-бірін толықтырып тұрған бір тұлға екендігін, бір-бірімен жақсы мәміледе болып, әрдайым әрбір істі бір-бірімен ойласып атқаруы жанұяның берекетін, үй болып үйлесіп кететіндігін меңзеп тұр. Міне, бұл халық мақалы мен хадисте ерлі-зайыптылардың үй болып, жұпты өмір сүріп кетуіне жол сілтеп тұрған айтылар ойдан үндестік пен сабақтастықты аңғарамыз.

Ананы сыйлау хақында: «Ананды Меккеге үш арқалап барсаң да, қарызынан құтыла алмайсың» деген мақал болса, сол тектес хадис те бар. Саъд ибн Әби Бурда ғ.с. риуаят етті: *«Мен әкемнің былай дегенін естідім. Ол хазіреті ғ.с. ибн Омарды көрген еді. Анасын арқалап Қағбаны тәуеп етіп келе жатқан бір Иемендік кісі: «Әй, ибн Омар! Қалай ойлайсың, мен анамның ақ сүтін ақтадым ба?»-дейді. Сонда ибн Омар р.а.: «Жооқ! Сен анаң қиналып, босанып жатқан кездегі бір рет ауырсынып ыңырсығанынан да құтыла алмадың»-деп жауап береді»* [3, 23].

Енді, осы мақал мен хадистен не ұғамыз? 9 ай 9 күн ішіндегі перзентін көтеріп, ол өмірге келген соң түн ұйқысын төрт бөліп, бесікке бөленген сәбиін аялап, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, он екі мүшесін сау қылып өсірген ананы сыйлау керек деп тұр. Халық қазынасына айналған бұл екі мұрадан яғни, мақал-мәтел мен хадис мұрасының ой қорытындысынан бұлтарғпас ұқсастықты байқаймыз. Ең алдымен ананы сыйлау керектігін шегелеп, нықтап, нақыл сөз есебінде халыққа жеткізіп, ұрпақты тәрбиеге шақырып тұр.

Сөз сөйлеу туралы: «Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз қайта айналып иесін табады»-деген мақал-мәтел болса, Әбу Дарда р.а.-дан жеткен хадисте: *«Аллаһтың елшісі айтты: Негізінде, егер пенде бір нәрсені қарғаса, қарғыс аспанға шығады. Оған аспан есіктері ашылмайды.*

*Сосын қарғыс жерге түседі. Қарғысқа жердің де есіктері жабық болады. Содан кейін оң жаққа, сол жаққа бұрылады да қарғалған нәрсеге келеді. Егер, қарғыс сол қарғалған нәрсеге тиесілі болса, сонда қалады. Егер, оған лайық болмаса, қарғалған адамның өзіне қайтып барады» (Әбу Дарда. 4/277)-деген хадис бар.*

Міне, осы тәрбиелік мәні бар асыл мұрамыздың екеуінде де адамға, қоғамға келетін аса үлкен хауіп сөйлеуден, тілдің кесірінен болатындықтан, адамдарды алдын-ала ауыр күнәдан сақтандыру үшін, тілді қарғыс айтуға дағдыландырмауға, «Басқа пәле тілден», «Жақсы сөз - құт, жаман сөз - жұт» дегендей, жер бетіндегі адамдар азғындамасын, күнаға батпасын деп, әрбір адамды тәрбиеленуге үндеп, тәлім-тәрбиеге шақырып тұр.

Енді бір алуан мақал-мәтелдерде өнер-білім, оқу, ғылым дәріптеледі. Халық білімнің қоғам өміріндегі орнын ерекше бағалаған. Адам баласының өмірдегі қол жеткен табыстары адамның еңбектеніп, ғылым ізденуінің нәтижесі. Сондықтан да халық: «Ғылым - теңіз, білім - қайық», «Білімді бесіктен тесікке дейін ізде» деп өнер-білімге үндеген. Хадисте: «Бесіктен көрге шейін ілім ал» деп, мақалмен астарлас келген мағына беріліп тұр. Адам баласы шыр етіп, жер бетіне келген соң өмір бақи, өле-өлгенше іліммен сусындап жүріп өмірден өтуі керек екендігін, ілімнің ауадай қажеттігін, адамның ілімсіз күні жоқ екенін айтып, жер бетіндегі барлық адамдарды ер демей, әйел демей ілім алуға шақырады. Ілімнің адам баласына тигізетін пайдасы көп екенін, сол ілім алудың нәтижесінде әлеуметтік жағдай жоғарылап, соның рахатын әрбір адам өзі көреді деп, мәнді де мағыналы өмір сүруге үндейді. Сондықтан да, халықтың мақал-мәтелі мен пайғамбарымыз с.ғ.с-ның хадисі жас ұрпаққа арналған үгіт, ақыл-өсиет, нақыл сөз болып отыр. Өмір бойы оқи бер, оқып болдым, жетілдім деуден аулақ бол дегенді ескертеді.

Сыйлық туралы: «Орамал тон болмайды, жол болады» деген мақал болса, хадисте: «Бір-біріңе сыйлық беріңдер. Сонда араларыңда мейірім-шапағат оянады»-дейді. Бұл мақал мен хадистің ауқымында төмендегідей ой желісі жатыр: адамдар бір-біріне барыс-келіс жасап, барғанда да құр қол бармай, шама-шарқының келгенінше сый-сыяпат жасап жүрсе, «Күлшелі бала сүймекке жақсы» дегендей, бір-біріне өте жақын болып, мейірімі түсіп тұратындығын аңғартып тұр. Бұл нәрсе біздің ұлтымызда әрине, күшті дамыған. Оны айтпай-ақ қойсақ та болады.

Тамақ ішу туралы қазақ халқының мақалында: «Қанағат қарын тойғызар» дейді. Мұхаммед ғ.с-ның тамақ ішу әдебіне ерекше мән беруі тегін емес екенін мына хадистен аңғаруға болады: «Адамның денесінде асқазаннан артық жаман нәрсе жоқ. Адам бір-екі асам тағаммен де қанағат етеді. Егер, керек болса, асқазанның үштен бірін тағамға,

*үштен бірін суға, үштен бірін демалуға бөлсін»*-деген. (Термизий, Ахмед, ибн Мажа, Хаким риуаяттары) [4].

Осылайша тамақ ішудің де әдебіне мән беріп, «Мөлшермен ішіп-жесең денің сау болады» деп, ғалым әл-Фараби айтқандай, тамақты уақытында әрі жеуге рұқсат еткен тамақтан ғана жеудің адамның денсаулығына әсері мол екенінен хабардар етіп, халықты әдеп-ынсапқа шақырып тұр.

Бұл мақал мен хадистен адамның рухани өмірінде тамақтың алатын орны мен мәні өте зор, шынайы әдептілік көрсеткішінің бірі екенін есте ұстап, тәрбиелік мәніне қатты мән беріп өмір сүргеніміз жөн.

**Қорытынды.** Міне, осы айтылып өткен салыстырмалы, бір-бірімен сабақтас, астарлас, үндес болған хадистер пен мақал-мәтелдердің адамгершілік тәрбиесінің негізі екенін айқын ұғынамыз. Бұл хадис пен мақал-мәтел халық тәрбиесінде ғасырлар бойы пайдаланылып, халықтық сипатын жоймай, біздің заманымызға шейін жеткенін байқаймыз. Бүгінгі күнде де халықтың арман-мүддесін, көзқарасын білдіретін, қоғамда болған жағдайларға бағасын беретін ақыл-өсиет, нақыл сөз ретінде айтылған бұл екі мұра да өзінің қадыр-қасиетін жойған жоқ, жоймайды да.

Хадис пен мақалдан үзінді келтіріп сөйлеген адамның білімінің, шешендігінің қаншалықты дәрежеде екенін байқаймыз. Мәнді де мағыналы, нақты дәйектермен сөйленген сөз адамның құлағының құрышын қандырып, тыңдаған адам жақсы әсер алады.

Қазақ халқының шығармашылық мұрасында тәлім-тәрбие турасында жинақталған нақыл сөздері, мақал-мәтелдері қазақ ұлтының таптырмас байлығы.

Хадистер мен мақал-мәтелдердің жер бетіндегі адамдардың тыныс-тіршілігіне, қалай өмір сүруіне ықпалы зор.

Қорыта келе айтарым, ұлт тәрбиесінде пайғамбарымыздың хадисі мен ұлтымыздың мақал-мәтелдерінің үнемі сабақтастықта, тығыз байланыста екенін ұққан сияқтымыз.

Келешек ұрпақты тәрбиелеуде осы хадис пен мақалдың тәрбие негізі екендігін көбірек насихат ету, жастардың сана-сезіміне жеткізе білу алдыңғы толқын ата-әжелер, ата-аналар, ұстаздар қауымының парызы деп ойлаймын.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Имам Нәуәуи.* Хадистер жинағы (Риядус-Салихин). –Алматы: Көкжиек. - 2013. -656 бет.
2. Қазақ мақал-мәтелдері. Құрастырған: М.Аққозин. –Алматы: Қазақстан. -1990.
3. *Имам Бухари.* Әдәбул муфрод. -Алматы. 2015 жыл.

4. *Халифа Алтай*. Таңдамалы хадистер. – Алматы: Берен.-1994.

**РЕЗЮМЕ**

В этой статье говорится о соответствии народных пословиц и хадисов, а также об их воспитательном значении.

**(Тайтелиева А. И хадисы, и пословицы имеют одну нравственность )**

**SUMMARY**

Accordance of folk proverbs and sayings with habits and their educational value are considered in this article.

**(Taiteliyeva A. Hadees Well as Proverb is One Education)**



ӘОЖ 331.1

**Г.Ж.БАЙБОСЫНОВА**

Экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

**А.ХАКАН**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫН  
БАСҚАРУ МЕН ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН  
ҚАМТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

***Аннотация.** Еңбек ресурстарын басқару нарық жағдайында аса маңызды орын алады. Жұмыспен лайықты қамтамасыз ету – халықты әлеуметтік қорғаудың негізі, адам ресурстары әлеуетін дамыту, қоғамдық байлықтың артуы мен өмір сүру сапасын жақсартудың басты құралы. Жұмыспен қамтудың жоғары деңгейіне жету мемлекеттің макроэкономикалық саясатының негізгі мақсаттарының бірі. Еңбек ресурстарын дұрыс басқару жетістіктерге жетуде, білікті мамандардың тәжірибесін, жұмыс істеу қабілеті мен шеберлігін тиімді пайдалану болып табылады.*

***Кілт сөздері:** еңбек ресурстары, еңбек нарығы, еңбек ресурстарын басқару, жұмыспен қамту, кәсіби даярлау, мүгедек, жұмыс берушілер.*

***Ключевые слова:** трудовые ресурсы, рынок труда, управление трудовыми ресурсами, занятость, профессиональная подготовка, инвалид, работодатели.*

***Anahtar kelimeler:** İnsan kaynakları yönetimi, işgücü piyasası, yönetim, istihdam, mesleki eğitim, işsizlik, engelliler, işverenler.*

***Keywords:** human resources, labor market, human resource management, employment, vocational training, disabled, employers.*

Еңбек ресурстары – физикалық дамыған және интеллектуалды қабілетті, еңбек қызметіне қажет елдің тұрғындары. Еңбек ресурстары – “адам ресурстары” түсінігінің бір формасы. Еңбекке қабілетті адамдар елдің еңбек ресурстарының ең үлкен бөлігі болып табылады, бұл жұмыс жасындағы адамдар жиынтығы, олар өздерінің психофизиологиялық

жағынан жарамдылығымен еңбек процесіне қатысуға дайын болуы керек.

Еңбек ресурстарын еңбек жасы жарамды жас тұрғындар есебінен толықтырылған және болашақта да осылайша толықтырылып отырады. Бұл еліміздегі өзекті мәселе демографиялық жағдаймен анықталады. Олай болатын себебі, демография мен көші-қон ахуалын жақсарту тікелей халықтың санымен байланысты [1].

Еңбек ресурстарынан еңбектің құрылымы мен саны анықталса, еңбек потенциалы оның сапасы мен потенциалды мүмкіндіктерін қарастырады, сонымен бірге бұл сапалық жағынан еңбек ресурстарымен белгілі бір бірлікте болады.

Еңбек ресурстарының саны жылдар өткен сайын өзгеріп отырады және жұмысқа жарамды жастың ұзақтығына тәуелді, тұрғындардың өмір сүру деңгейіне, жұмысқа жарамды жасқа келген тұрғындар мен зейнеттікке шығатын зейнеткерлер санына, жұмыс күшінің елдер арасындағы миграциясы, ең бастысы жұмыс күшінен, т.б. факторларға байланысты.

Еңбек ресурстарының денсаулығы көптеген көрсеткіштермен анықталады, оның ішінде туудағы өмір ұзақтығына, туу және өлім көрсеткіштеріне, әсіресе еңбекке жарамды жастағы тұрғындардың өлімі көрсеткіштері.

Еңбек ресурстары негізінен өндірістік жұмысшылар және басқарушылық қызметкерлер болып бөлінеді. Өндірістік өз алдына негізгі және қосалқы болып, ал басқарушылық – басшылар және мамандар болып бөлінеді.

Еңбек ресурстарын басқару мәселесі кіші және ірі кәсіпорындар, коммерциялық немесе коммерциялық емес фирмалар төңірегінде, өнеркәсіптік және қызмет көрсету салаларында маңызы зор. Сондықтан, әрбір кәсіпорында еңбек ресурстарын басқаруға үлкен мән беріледі. Еңбек ресурстарын басқару – адамдармен және олардың кәсіпорын ішіндегі қатынастарымен байланысты болатын менеджменттің бір саласы.

Бұл жүйе кадр саясатын, персоналды таңдауды, персоналды бағалауды, персоналды ұйымдастыруды, оның бейімделуі мен оқытылуын және т.б. қамтиды. Жалпы еңбек ресурстарын басқару – ұйымдастыру мақсатына жету үшін қызметшілерді тиімді пайдалануға бағытталған, кәсіпорында жүретін әрекет түрі болып табылады.

Еңбек ресурстарын басқару шаруашылық қызметіндегі мәселелерді, оның дамуын, еңбек жағдайын жетілдіруді қолдай отырып, олармен байланысты мәселелерді шешуге басты назар аударады. Сондай-ақ, ол жеке қызметшіні жеке тұлға ретінде қарастырып, оның жекелеген қажеттіліктерін қанағаттандыруға тырысады. Әрбір кәсіпорынның,

фирманың ұзақмерзімдік стратегиясында адам факторы қашан да ескеріледі.

Еңбек ресурстарын басқарудың мақсаты – кәсіпорын, фирманы басқарудағы жетістіктерге жеткізу, фирманы жақсы дайындалған қызметшілермен қамтамасыз ету, персоналды басқару бөлімінің саясатын қызметшілерге жеткізу, біліктілігін, тәжірибесін, жұмыс істеу қабілеті мен шеберлігін тиімді пайдалану болып табылады. Кәсіпорын басшылары қызметшілерді тиімділікке жетудің көзі деп қарастырған жағдайда ғана осы мақсаттар орындалады. Мақсатқа сай міндеттері, ол кәсіпорынның алдына қойған мақсаттарына жетуге көмектесу, қызметшілердің өз еңбегімен қанағаттануын барынша көтеруге тырысу, қызметшілердің өмір сүру деңгейін көтермелеу, ұжымда моральдық климатты сақтауға көмектесу және т.б.

Жалпы өндірістік кәсіпорындарда персоналды басқару жүйесінің негізі, көбінесе мына бағыттарда ұйымдастырылады: адам ресурстарын пайдалануды жоспарлау; қызметшілерді іріктеу; таңдау және бағыттау; тәжірибелік оқыту және біліктілікті көтеру, қызметшілерге көмек көрсету; еңбек қауіпсіздігі мен денсаулық; еңбек қатынастары; қызметшілер еңбегін бағалау және бақылау; еңбек графигін жасау; еңбек жағдайын ұйымдастыру.

Шаруашылықты басқарудың ең қолайлы стратегиясын міндеті еңбек материалдық және қаржылық ресурстарды ең тиімді пайдалануды таңдап алу болып табылады. Басқару еңбегін ғылыми ұйымдастыру басқару ісінде ғылыми техниканың жетістіктерімен жоғары дәрежелі тәжірибені қолдануды талап етеді бұл үшін комплексті мамандану шараларын жүзеге асыру қажет. Мәселен, алға қойылған мақсатты айқындау, ұтымды жұмыс жоспарын жасау, еңбек тәсілдерімен, әдістерін жақсарту қызметкерлердің мамандығын арттыру, бұлардың еңбек етуге деген ынтасын көтеру сияқты шаралар жан-жақты талқылануы тиіс. Басқару еңбегін ғылыми жекелеген кәсіпорында ғана емес бүкіл басқару саласында жетілдірілген еңбек тәсілдерін қолданған кезде ғана тиімді. Оның мақсаты басқару еңбегінің объективті заңды процестерін ашу мен ғылым мен практиканың жетістіктерін басқару аппаратының жұмысына енгізу және жақсарту жөнінде белгіленген шаралардың түпкі нәтижесін алдын-ала білуге мүмкіндік береді.

Басқару еңбегі көп ретте ой еңбегі болып табылады. Басқару жүйесін жетілдіру – заман талабы болады.

Елбасы 2015 жылғы “Нұрлы жол – болашақтың бастауы” атты Қазақстан Халқына жолдауында: “Экономиканы дамытуда жаңа сыртқы тәуекелдерді есепке ала отырып, бізге іскерлік белсенділік пен жұмыспен қамтуды ынталандыру үшін жаңа бастамалар қажет” - деп атап көрсеткен [2].

Жұмыспен қамту саласындағы жағдайдың дамуы көптеген факторларға, яғни шешуші дәрежеде елдің жалпы экономикалық тұрақты даму барысында, жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың құрылымдық сандық және сапалық теңдестіру деңгейіне байланысты болады.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары – мемлекет белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын, өз бетінше жұмыспен айналысушылар, жұмыссыздар және табысы аз адамдар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтарын және оралмандарды мемлекеттік қолдау шаралары жатады.

Жұмыспен қамту экономиканың барлық саласында, оның ішінде өнеркәсіпте, құрылыста және ауыл шаруашылығында төмендеді. Республиканың аграрлық секторында өндіріс көлемінің азаюы, осы саладағы еңбек етуге қабілетті халықты жұмыспен қамтуға әсерін тигізді. Ауыл халқының арасында, әсіресе жастардың қалаға, экономикалық құрылымы дамыған аймақтарға көшіп-қонуы байқалып отыр.

Жұмыспен қамту жағдайы, түсті металлургия, химия, көмір өнеркәсібі кәсіпорындары, қорғаныс кешендері, моноэкономикалық құрылымдағы қалалар мен ауылдық жерлерде төмен екендігін көрсетті.

Бұдан бес жыл бұрын кәсіби білімнің жеткіліксіздігі, қажетті біліктілік пен еңбек дағдысының жоқтығы себеп болған еңбек нарығындағы бәсекелестіктің төмендігінен жастар арасында жұмыссыздық өссе, қазіргі таңда жастар жұмыссыздық деңгейі 2012 ж. 5,1 пайыз болса, 2014 жылы 4,0 пайызға төмендеген. Бұл жастар жұмыссыздығын азайту мәселесін қолға алғандықты көрсетеді. Оған әр түрлі мемлекеттік бағдарламалар, оның ішінде “Дипломмен ауылға” жобалары нәтиже бергендігін көрсетіп отыр.

Әйелдер арасындағы жұмыссыздықтың өсуі тұрақты тенденцияға айналды. 2014 жылғы жұмыссыз ерлердің үлесі 45,4% (208,1 мың адамды), әйелдердің үлесі - 54,6% (250,5 мың адамды) құрады. Ерлердің жұмыссыздық деңгейі 4,5 пайыз, әйелдердің жұмыссыздық деңгейі 5,6 пайызға өсті.

Жұмыспен қамтылғандардың жалпы санынан ресми тіркелген жұмыссыздар 3 пайызға, ал жасырын жұмыссыздар 11 пайызға асып түседі. Ресми және жасырын жұмыссыздардан басқа, жұмыспен қамту қызметіне өтініш жасамаған жұмыссыз қалғандарды да ескергенде, еңбек нарығының ерекше құбылыстарын есепке ала отырып есептелген жұмыссыздықтың жалпы әлеуеті 1,5 млн. адамды немесе жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 20 пайыздан астамын құрайды.

2010 жылы жұмыспен қамтылғандар саны 8137,6 мың адам, жұмыссыздар 477,7 мың адам, жұмыссыздық деңгейі 5,5 пайызды құраса,

ал 2014 ж. жұмыспен қамтылғандар саны 8651,1 мың адамға, жұмыссыздар 458,8 мың адамға, жұмыссыздық деңгейі 5,0 пайызға азайғандығын көрсетіп отыр. Жұмыспен қамтылған халық санындағы үлесі, пайызбен 29,4 пайызды құрады [3]. Бұл көрсеткіштерді талдай отырып, соңғы жылдары жұмыспен қамту бойынша іс-шаралардың жүзеге асып жатқандығын растайды.

2013 жылы Жұмыспен қамту 2020 жол картасы жұмыспен тұрақты және нәтижелі қамтуды ұйымдастыру, жұмыссыздық деңгейінің өсуін төмендету және өсуіне жол бермеу арқылы халықтың әл-ауқатын арттыруға жәрдемдесу болып табылды. Жұмыспен қамту 2020 жол картасын іске асыру мақсатында, 2016 жылға қарай, кедейлік деңгейі 6%-дан аспайтын болады; жұмыссыздық деңгейі 5,0%-дан аспайтын болады; өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың жалпы санындағы нәтижелі жұмыспен қамтылғандардың үлесі 64,5 %-ға дейін ұлғаяды.

Жұмыспен қамту 2020 жол картасын іске асыруға республикалық бюджеттен 2013 жылға – 104,9 млрд. теңге; 2014 жылға – 100,6 млрд. теңге;

2015 жылға – 98,7 млрд. теңге көзделген.

Жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясаттың тетігін жүзеге асырудың негізгі элементтері мыналар болып табылады:

- нарықтық экономика талаптарын қанағаттандыратын кәсіптер мен мамандықтар бойынша кәсіби даярлау және қайта даярлау сияқты салаларда адамдық капиталды инвестициялау;

- жаңа технологияны экономиканың еңбек ұсынысына жағымды ықпал жасауға қабілетті көп еңбек сіңіруді қажет ететін секторларына инвестициялау;

- халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, жұмыспен қамтудың аймақтық бағдарламалары жөніндегі бағдарламалық шараларды жасау және жүзеге асыру;

- жұмыссыздарды қайта біліктендірудің және кәсіби оқытудың оның ішінде кадрларды ішкі фирмалық қайта дайындаудың икемді жүйесін ұйымдастыру;

- жұмыспен қамтудың және жұмыссыздықтың мониторингін ұйымдастыру, кәсіпкерлікті қолдаудың және дамытудың инфрақұрылымдарын құру;

- кәсіпкерліктің және өзін-өзі қамтудың, шағын және орта бизнестің бизнес-орталықтарда шағын бизнес инкубаторларын құру, шағын бизнес орталықтарын қолдау;

- халықты, әсіресе селолық жерлерде жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің арнаулы бағдарламасын жасау және жүзеге асыру;

- ішкі еңбек нарығын қорғау және шетел жұмысшылары мен мамандарының еңбегін пайдалануды шектеу, экономикалық даму бағдарламалары мен шетелдік фирмалардың қатысуымен жасалған контрактілерді жергілікті халықты жұмыспен қамтамасыз ету және оны қаржыландыру тұрғысында сараптама;

Еңбекке орналастыруға жәрдемдесу қосымша жұмыс орындарын құруды, толық емес қамтылатын уақытша және маусымдық жұмыстарда қаржылық мүмкіндіктерді ескеріп жұмыс орнын кеңейтуді мемлекет тарапынан қаржыландыруды және ынталандыруды көздейді.

Кадрларды кәсіби оқыту және қайта даярлау елді әлеуметтік-экономикалық дамытудың экономика мен аймақтардың маңызды секторларының басымдылығына сүйеніп, білім берудің түрлі жүйелерінің және мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі бөлімшелерінің, әлеуметтік әріптестіктің дамыған жүйесінің үйлестірілген қызметтерінің негізінде жүзеге асырылады.

Құрылымдық-инвестициялық саясаттың белсенділігін арттыру жастарды кәсіби даярлау мен ересек халықты қайта оқытуды ұйымдастыруға тиісті тәсілді талап етеді. Алдын ала оқыту және қайта оқыту жұмыссыздық ауқымының артуын тежеуге ықпал етеді. Осы мақсатта кәсіптік-техникалық білім беру жүйесін сақтау және қолдау көрсету, сондай-ақ арнаулы орта және жоғары оқу орындарының мүмкіндіктерін жұмылдыру өзін-өзі ақтайды.

Өндірісте кәсіби даярлықты ынталандыру басты бағыт болуы қажет. Бұл мақсаттарда өндірісте қалыптасқан кадрларды кәсіби оқыту жүйесін қоюға жол берілмеу керек. Оны қолдау жұмыс берушілердің кадрларды даярлау және қайта даярлау жөніндегі қызметін қаржыландыратын арнаулы мақсаттық қорлар құру жолымен жүзеге асырылады.

Қоғамдық жұмыстар жұмыссыздарды уақытша жұмыспен қамту мақсатында ұйымдастырылады. Қоғамдық жұмыстарды тікелей ұйымдастырушылар атқарушы өкіметтің жергілікті органдары болуы керек. Экономикалық құлдырау аймақтарында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру үлкен маңызға ие болады. Мұнда қоғамдық жұмыстарды көп еңбекті қажет ететін жобалары жасалуы керек. Қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорының және жергілікті бюджеттердің қаражатынан, сондай-ақ коммерциялық құрылымдар мен қайырымдылық ұйымдарының жұмыссыздардың қоғамдық жұмыстарға қатысуын ынталандыруға да, оларға материалдық қолдау көрсетуге де бағытталған қаражаттарын тарту жолымен жүзеге асырылуы қажет. Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қоры жаңа жұмыс орындарын құру үшін жұмыс берушілерге және белгіленген тәртіппен жұмыссыз деп танылған және кәсіпкерлікпен айналысқысы келетін азаматтарға, екінші дәрежедегі банк арқылы, өз қаражаты есебінен несие береді.

Еңбек қатынастарын реттеу де еңбек нарығын тұрақтандыруға, әлеуметтік қорғауға және еңбек шарттарын жақсартуға бағытталды. Осы мақсатта Еңбек Кодексіне және жұмыспен қамту, міндетті әлеуметтік сақтандыру және мемлекеттік сатып алу мәселелері жөніндегі заңнамаға өзгерістер енгізілді; қолданыстағы барлық Бірыңғай тарифті классификациялық анықтама қайта қаралып, өңделді, бюджет саласындағы

қызметкерлерге еңбекақы төлеу жүйесінің жаңа үлгісінің жобасы дайындалды.

Қорытындылай келе, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының мазмұны жұмыс берушілердің еңбек нарығындағы өзгерістерге байланысты талаптарына толықтай сай болуы керек. Өндірістік іс-тәжірибе базаларымен қамтамасыз ету, оқу бітіргендерді жұмысқа орналастыру, жұмыс берушілерді кәсіптік стандарттар жасауға тарту, мүгедектердің кәсіби жүйесіне инвестицияларды көбейту, жұмыс орындарын квотталаудың нормативтерін белгілеу жөнінде тетікті дайындау.

Сонымен қатар, жұмыспен қамту саясаты халықтың әлеуметтік-әлсіз топтарына қатысты алғашқы кезеңде қолданылып жүрген нормативтерді олардың төмендету жағына қайта қарауды, экономикалық өсу мөлшері бойынша – оларды арттыруды көздейді. Мүгедектердің қоғамдық ұйымдарына және олардың кәсіпорындарына, олардың көмегімен қосымша жұмыс орындарын құру, мүгедектерге әлеуметтік және еңбектік оналту жүргізу мақсатында мемлекеттік қолдау жүзеге асыру, әлеуметтік әріптестікті заңдылық қамтамасыз етуі болуы керек.

Жұмыспен қамту саясаты аймақтық, жергілікті ерекшеліктерге сай ескеріліп, ауылдық жерлерде жұмыспен қамтудың төмендеуі тенденцияларын жеңіп шығуға бағытталуы керек.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. *Байбосынова Г.Ж.* Еңбек нарығы экономикасы: Оқу құралы –Түркістан:-“Тұран”. 2007.-128 б.
2. *Назарбаев Н.Ә.* “Нұрлы жол – болашақтың бастауы” Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы// Егемен Қазақстан, Астана, 2015 ж.
3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми Интернет - ресурсы [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)

#### **РЕЗЮМЕ**

В этой статье рассматривается значение трудовых ресурсов, управления трудовыми ресурсами, а также проблемы занятости населения в Казахстане. Анализируются современные подходы к управлению трудовыми ресурсами и реализации программы занятости населения 2020.

**(Байбосынова Г.Ж., Хакан А. Проблемы занятости населения и управления трудовыми ресурсами в РК)**

#### **SUMMARY**

This article discusses the importance of human resources, human resource management, as well as the problem of unemployment in Kazakhstan. Modern approaches to the management of human resources and the implementation of employment programs in 2020.

**(Baibosunova G.Zh., Khakan A. The Problems of Employment and Human Resources Management in Kazakhstan)**

ӘОЖ 330.1

**Г.Ж.ӘЗІРЕТБЕРГЕНОВА**

экономика ғылымдарының кандидаты,  
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доцент м.а.

**Р.А.ЖАНАГИЗОВА**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**АГРАРЛЫҚ СЕКТОРДА СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ  
ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ  
АСПЕКТІЛЕРІ**

***Аннотация.** Бұл мақалада ауыл шаруашылығының инфрақұрылымы соның ішіндегі су шаруашылығы инфрақұрылымының қазіргі таңдағы жағдайы, келешектегі даму бағыттары туралы баяндалады. Су шаруашылығындағы басты өнім суды үнемді пайдалану үшін ғылыми ұсыныстар қарастырылды. Ауыл шаруашылығындағы инфрақұрылымды дамыту жалпы саланың дамуына оң ықпал етеді. Қазақстан Республикасының ДСҰ мүше болуына байланысты ауылшаруашылығындағы кейбір жеңілдіктер жойылады. Сондықтан да әлемдік деңгейдегі бәсекеге төтеп беру үшін, ауыл шаруашылығы саласын жандандыру қажет. Осы бағыттағы жұмысты нәтижелі атқару үшін, саланың инфрақұрылымын жетілдіру, жаңа құрал-жабдықтармен озық технологияларды ұтымды пайдалану қажет.*

***Кілт сөздері:** Инфрақұрылым, экономикалық даму, АӨК, ауылшаруашылығындағы инфрақұрылым, техникалық құралдар, дренаж, су ресурсы.*

***Ключевые слова:** Инфраструктура, экономическое развитие, АПК, инфраструктура в сельском хозяйстве, технические средства, дренаж, водные ресурсы.*

***Keywords:** Infrastructure, economic development, agrarian and industrial complex, infrastructure in agriculture, technical means, a drainage, water resources.*

***Anahtar kelimeler:** altyapı, ekonomik kalkınma, tarım, altyapı, tarım, teknik özellikler, drenaj, su kaynakları.*

Еліміздің жақсы дамыған секторларының бірі - ауыл шаруашылығы құлдырамас үшін, ауыл шаруашылығындағы инфрақұрылымды дамыту арқылы, ауыл тұрғындарының экономикалық ахуалын тұрақтандыру арқылы жұмыссыз қалуына жол бермеу қазіргі заман талабы.



Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымының толыққанды мүшесі болғаны, әрине, қуанарлық жайт, ұлы державалардың экономикасының дамуы технология, ғылым-білім көзі болғандықтан, Қазақстанға өз пайдасын әкеледі, яғни технологиялық, тәжірибелік мамандардың өзара алмасуы арқылы көптеген жетістіктерге жетуге болады. Осы негізде ауыл шаруашылығын дамытудағы инфрақұрылымды дамыту өте өзекті мәселелердің бірі.

Инфрақұрылымды дамытуға негізделген жаңа экономикалық саясатты қабылдаудың өзектілігін халықаралық тәжірибе айғақтауда. 2014 жылғы АҚШ-та өткен Халықаралық валюта қоры мен Дүниежүзілік банктің жыл сайынғы кездесуінде таяу арадағы жылдары іскерлік және экономикалық белсенділіктің негізгі бастау көзі ретінде инфрақұрылымның дамуын қолдау қажеттігін дамыған және дамушы елдерге бағыт ретінде көрсетті.

Қазақстанның географиялық орналасуын тиімді пайдалану және өзінің транзиттік әлеуетін нығайту мақсатында да инфрақұрылымды дамыту қажет. Батыс пен шығысты және солтүстік пен оңтүстікті жалғайтын маңызды көліктік-экономикалық күре жолға айналу есебінен Қазақстан өзінің ерекшеліктерін пайдаланып, экономикасын еселей түсуге мүмкіндіктері артты.

Экономикалық Үлгімақтастық және Даму Ұйымының бағалауы бойынша 2030 жылға қарай әлемдік жалпы ішкі өнім екі есе артады, халықаралық сауда айналымы ұлғаяды, бұл көліктік көрсетілетін қызметтерге сұраныстың өсуіне алып келеді. Әуе тасымалдарының көлемі 2030 жылға дейін жылына 4,7%-ға, жүк тасымалы - 5,9%-ға, теңізде контейнермен тасымал - 6%-ға артады. Бұл инфрақұрылымға (телекоммуникациялар мен электр желілерін қоса алғанда) 2030 жылға дейін жылына әлемдік жалпы ішкі өнімнің 2,5%-ына жуық инвестицияларды талап етеді [1].

2014 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауын елдің инфрақұрылымдық дамуы мәселелеріне арнады. Жолдауда Елбасымыз Жаңа Экономикалық Саясаттың басты жоспары саналатын негізгі жеті инфрақұрылымдық бағытты айқындап берді [2]. Біріншіден, жаңа инфрақұрылымдық дамудың басты бағыты – көліктік-логистикалық инфрақұрылымдарды дамыту. Бұған сәйкес еліміздегі жолдар ел экономикасының күретамырына айналады. Жолдар алыс-беріс пен қарым-қатынастарды дамытып, сауданың, бизнестің, елді мекендердің орналасу инфрақұрылымына жаңаша серпіліс әкеледі. Астанамен ірі өңірлерді байланыстыратын магистральді автожолдар, теміржолдарды инфрақұрылымдық дамыту халықтың әл-ауқатының артып, ел

экономикасына жаңаша бағытпен дамуына оң ықпал етеді. Осы «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша жаңа жұмыс орындарын ашып, ел табысының өсу қарқыны байқалады. Жолдауда айқындалған мәселелер жүзеге асырылғанда Қазақстанның экономикасының барлық салалары, соның ішінде ауыл шаруашылығының инфрақұрылымының дамуына жаңа серпін береді.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Экономиканы дамытуда жаңа сыртқы тәуекелдерді есепке ала отырып, бізге іскерлік белсенділік пен жұмыспен қамтуды ынталандыру үшін жаңа бастамалар қажет. Жаңа Экономикалық Саясаттың Тұғыры мен жариялағалы отырған Инфрақұрылымдық дамудың жоспары болады» деп ерекше атап көрсетті [2].

Қазіргі күні ауыл аймақтарын әлеуметтік-экономикалық дамыту мәселесіне көп көңіл бөлінуде, бірақ ауылды дамыту дегеніміз, бұл ауылшаруашылығына қатысты барлық қатынастар жиынтығы дамыту, халықтың өмір сүруіне лайықты жағдай жасау, тұрақты әлеуметтік, инженерлік, экологиялық және экономикалық жүйелерді қалыптастыру болып табылады.

Инфрақұрылым материалдық өндіріс құрылымын «барлық қоғамдық өндірістің үздіксіздігі мен тиімділігі едәуір дәрежеде тәуелді біртұтас салалар тобы ретінде қарастырады. Ең алдымен көліктің барлық түрлері материалдық-техникалық жабдықталуы, байланыс, қойма шаруашылығы және басқа да қоғамдық өндіріске қызмет көрсететін және басқару процесімен байланысты салаларды қамтиды [3].

Американдық ғалым Дж.М.Кларктің «Әлеуметтік шығындар экономикасын зерттеу» және ағылшын ғалымы А.Маршалдың «Экономиканың қағидасы» атты еңбектерінде зерттеулер жүргізген[4].

Ауыл шаруашылығының құрылымын реформалау үдерісінің барысында маңызды өзгерістер болды. Ауылдағы шаруалардың өндірілген өнімді өңдеумен айналысатын ет комбинаттары, сүт комбинаттары, элеваторлар, қант зауыттары секілді бұрынғы мемлекеттік меншіктегі кәсіпорындар қайта құрылды. Бұрынғы алпауыт кәсіпорындардың орнына шағын өндірушілер желісі көбейді. Соңғы уақытта ауылшаруашылық өнімдерін ұқсататын кәсіпорындардың саны 5 мыңнан асып жығылады. Ауыл шаруашылығын техникалық құралдармен, қосалқы бөлшектермен, минералды тыңайтқыштармен және өсімдік зиянкестеріне қолданатын дәрі-дәрмектермен жекеменшік кәсіпорындар қамтамасыз етеді және жөндеу қызметтерін көрсетеді. Ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілетті салаларын дамыту және ауылшаруашылық өнімдерінің басымдық сипатқа ие түрлерін өндіруді Үкімет қолға алды. Аграрлық саланы жаңа деңгейге көтеруде жаңа

агротехнологияларды қолдану өндіріске енді, ішкі нарықтағы импорттық өнімдерді азайтуға, экспорттық әлеуетті күшейтуге бағыттаған маркетингтік стратегия жасалды.

Еліміздің егемендігінің алғашқы жылдарында ауыл шаруашылығына жүргізілген реформа кезіндегі қиыншылықтар аграрлық саланың нарық жағдайында қалыптасуына, оның өндірістік инфрақұрылымының дамуына теріс әсерін тигізді. Жылдар бойы қалыптасып қалған өңіраралық және салааралық шаруашылық байланыстардың бұзылуы ауыл шаруашылығын күйзелісті дағдарысқа ұшыратқаны белгілі. Аграрлық сала мен өндірістік инфрақұрылымды дамыту арасындағы, яғни ауылшаруашылық өнімін өндіру мен оны тұтынушыға жеткізу арасындағы алшақтық күшейе түсті. Өндіру мен ұқсату, сату үдерістері арасындағы байланыстың нашарлығы ауыл шаруашылығына сіңірген еңбектің зая кетуіне, шығынның молаюына әкелді.

Ауыл шаруашылығының инфрақұрылымы: жол, қойма, сақтау, сонымен қатар, барлық суландыру жүйелері.

Инфрақұрылым материалдық өндірістің негізгі базалық саласына қызмет көрсететін, ғылыми-техникалық және әлеуметтік өрлеудің дамуына ықпал ететін өндірістік емес сфералардың бөлімшелері мен салалар жүйесінің құрылымдық таралымы болып табылады. Инфрақұрылым салалары өндіріске, халыққа және қоғамға қызмет көрсетсе, осы қызметтердің нәтижесі қоғамға керекті экономикалық игіліктерді молайтуға пайдасын тигізеді.

Инфрақұрылым өндірісті интеграциялау, мамандандыру және ғылыми техникалық өрлеу негізінде өндірістік қатынастарды алдағы уақытта дамыту мен толық жетілдіру нәтижесінде пайда болды.

Инфрақұрылым бүкіл қоғамдық өндірістің қызмет етуіне, бөлінуіне және халықтың қалыпты тіршілік жасауына қажетті материалдық жағдай туғызады.

Инфрақұрылымды экономикалық жүйедегі жеке элемент ретінде қарастырудың себептері бір жағынан, қоғамдық еңбек бөлінісі үрдісінің тереңдеуімен туындаса, екінші жағынан, тек нарықтық тетік арқылы инфрақұрылымның толық көлемде дамуы мүмкін емес деген тұжырымға негізделген. Бұл инфрақұрылым мәселесін зерттеудегі екі тұжырымды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бірінші тұжырым негізінде инфрақұрылымды қоғамдық еңбек бөлінісін тереңдету жағынан талдауды қарастырса, екінші - тәжірибеге негізделі отырып, инфрақұрылымның дамуын реттеудегі мемлекет рөлінің кеңеюі қажеттілігін көрсетеді [5].

Агроөнеркәсіп кешенінің инфрақұрылымы салалық қағидасы бойынша – салааралық және сала ішілік, функционалдық мәні бойынша – ауыл шаруашылық өнім өндірісі үрдісінің тиімді жұмыс жасауын қамтамасыз

ететін агроқызмет саласы (мелиорация, материалдық-техникалық жабдықтау, ақпараттық қамтылуы, жол жүйесі) және өндірілген өнімді тікелей тұтынушыға үздіксіз жеткізуді қамтамасыз ететін өнімнің айналым саласы (дайындау жүйесі, сақтау, өткізу) болып бөлінеді [6].

Агроөнеркәсіп кешенінің аймақтық инфрақұрылымның барлық негізгі институттары төмендегі топтарға бірігеді:

1. Агроөнеркәсіп кешеніне өндірістік және ғылыми-техникалық қызмет көрсету;

2. Делдалдық, сауда және өткізу ұйымдары;

3. Нарыққа қатысушыларға қызмет көрсететін қаржылық-несиелік ұйымдар;

4. Кадрларды қайта даярлау, жұмыспен қамту, тұрғындарды әлеуметтік қорғау;

5. Нарықтық шаруашылықтың жұмыс жасау үрдісін ақпараттық қолдау;

6. Нарықтық реттеу және нарыққа құқықтық қызмет көрсету.

Берілген жіктеу ұдайы өндіріс процесінің барлық фазаларын, (өндіру, бөлу, айналым, тұтыну немесе қолдану) көрнекті етіп көрсетеді және АӨК инфрақұрылымын іс жүзінде реформалау бағдарламасын әзірлеу үшін негіз ретінде алуға болады.

Су шаруашылығы инфрақұрылымының өндірістік және әлеуметтік маңызы бар, осыған байланысты көптеген шетелдік зерттеушілер су шаруашылығы инфрақұрылымын инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымға жатқызады.

Инженерлік инфрақұрылым – құрылыстар және көлік коммуникациясы, байланыс, инженерлік жабдықтар, сонымен бірге тұрғындарға әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсететін, елді мекендер мен қонысаралық аумақтардың жұмыс жасауын және тұрақты дамуын қамтамасыз ететін объектілер кешені.

Инженерлік желілерге – шаруашылық ішіндегі жолдар (ауылдық жолдар); энергиямен жабдықтау желілері (жарық, газ, жылу); байланыс құралдары (телефон, телекоммуникация); сумен жабдықтау желілері, кәріз және оның құрылыстары; инженерлік құралдардың дербес жүйелері; аумақтарды абаттандыру, көгалдандыру жатады.

Әлеуметтік инфрақұрылымның қызметі - жеке тұлғаның жан-жақты дамуы үшін жағдай құруға, тұрғындарға мәдени және тұрмыстық қызмет көрсетуге бағытталған салалар мен объектілер кешені. Әлеуметтік инфрақұрылымды екі блогқа бөлу қажет, рухани және материалдық-тұрмыстық. Физикалық рухани инфрақұрылым - негізінен жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз етеді (білім, денсаулық сақтау,

мәдениет және спорт). Материалдық-тұрмыстық инфрақұрылым – тұрғындардың материалдық және тұрмыстық қажеттіліктерін (сауда, қоғамдық тамақтану, жолдар, жергілікті су құбырлары, құрылыстар және т.б.) қамтамасыз ететін салалар кешенін біріктіреді. Әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің қызметі ауылдық аймақтардың өндірістік әлеуетін көтеруге ықпал етеді.

Осылайша, су құбыры шаруашылығын ауылдық аумақтардың өндірістік және әлеуметтік дамуына елеулі әсер ететін инженерлік инфрақұрылым объектілеріне жатқызуға болады. Су шаруашылығы инфрақұрылымы қызметінің тиімділігіне көбінесе ауыл шаруашылық өнім өндірушілердің іс-әрекеті мен ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейінің экономикалық көрсеткіштеріне тәуелді.

Су шаруашылығына су құбырлары, магистральдық желілер мен каналдар, жергілікті су бұратын жүйелер торабы, су өткізетін шаруашылық объектілер мен құрылыстар жатады. Қазақстанда су шаруашылығы инфрақұрылымын басқару бассейндік қағида негізінде жүзеге асырылады, себебі көптеген өзендердің бассейні бірнеше облыстар мен аудандардың территориясын қамтиды және республикалық (республикалық маңызы бар магистральдық құбырлар мен каналдар, су қоймалары), облысаралық (суағарлар), ауданаралық (топтық су құбырлары) және жергілікті маңызды (жергілікті су құбырлары, жергілікті тарату желілері және тиісті су шаруашылығы құрылыстары) объектілерге бөлінеді.

Су объектілері: теңіздер, өзендер, каналдар, көлдер, мұздықтар, су айдындары, жерасты сулары бар жер қойнаулары айрықша мемлекеттің меншігіне жатады, ал су шаруашылығы құрылыстары республикалық, коммуналдық және жеке меншікте болуы мүмкін.

Республикалық меншікке стратегиялық мәні бар мемлекетаралық, трансшекаралық, бассейнаралық, облысаралық су шаруашылығы құрылыстары жатады. Бұл объектілер республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Коммуналдық меншікке негізінен аудан және шаруашылықаралық су шаруашылығы объектілері кіреді. Олар жергілікті бюджеттен және қолданылған суға төленетін төлем есебінен қаржыландырылады. Ал барлық басқа су шаруашылығы объектілері жеке меншік негізінде пайдаланады.

Су ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында «гидромелиоративті кондоминиум» термині енгізілді. Бұл су шаруашылығы объектісі ортақ үлестік меншікте пайдаланатын және бекітілген суарылатын жерлер гидромелиоративті кондоминиум мүшелерінің жеке меншігі ретінде қолданылады. Бұл ортақ үлестік су шаруашылығы объектілеріне әрбір суды қолданушылардың жауапкершілігін арттыру қажеттілігінен

туындады, себебі осындай тетіктерді қалыптастырмаған жағдайда шаруашылық ішіндегі каналдар мен құрылыстардың жұмыс жүйесінің ауытқуына әкеліп соқты.

Бірақ қазіргі күнге дейін су шаруашылық қызметін үлестіру жөнінде мемлекеттік органдардың жауапкершілігі айқын емес, бірінші реттегі су қолданушылардың екінші реттегі су қолданушылардың жауапкершілігі заң жүзінде нақты көрсетілмеген. Осы себепте екінші ретті суды қолданушылардың құқықтары суды пайдалануда қолжетімді пайдалануды қамтамасыз ету құқығын мемлекет тарапынан реттеу қажет. Соңғы уақытта мемлекеттік деңгейде ауылдық елді мекендердегі тұрғындарға су жеткізу және жерді суару мақсатында қолданылатын суды жеткізу қызметінің құнын мемлекет арқылы субсидиялау мәселесі қолға алынып, оңтайлы шешілуде. Қазіргі таңда ауылды ауыз сумен қамтамасыз ету «Ақ бұлақ» бағдарламасы өз нәтижесін көрсетуде.

Реформалау барысында су ресурстарын мемлекетаралық, мемлекеттік, бассейндік және территория деңгейінде бөлінетін су ресурстарын көпдеңгейлі басқару жүйесін қалыптастыру қажеттілігі айқындалды. Мемлекетаралық деңгейде бірлескен су қорын пайдалану мен қорғау мәселелері ынтымақтастық негізінде жүзеге асырылады.

Кез-келген ауыл екі негізгі бөліктен, ауылшаруашылығы өндірісі және сала өндірісіне қызмет көрсету және халықты қажетті материалдық және материалдық емес қызметтер мен қамтамасыз ету бойынша өндірістік және өндірістік емес құрылымдық элементтерді қамтиды.

Қазіргі таңда ауыл шаруашылығының инфрақұрылымын, соның ішінде су шаруашылығының инфрақұрылымын бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін, өндірістік, әлеуметтік, басқарушылық және де ғылыми тұрғыдан оңтайлы дамытуды қарастырады. Бұл бағыттағы жұмыстарды нәтижелі іске асыру үшін әлемдік деңгейдегі жаңа технологияларды ауылшаруашылығында қолдануды қолға алу өте өзекті мәселе.

Саланың инфрақұрылымын дамыту халықтың материалдық әлауқатын, әлеуметтік жағдайын жақсартуға ықпал етеді және ауыл тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуді оңтайландырады. Ауылды елді мекендердегі ауылшаруашылық құрылымдарының тұрақты түрде өнім өндіруі салалық өндірістің дамуына, ауыл тұрғындарының мұқтаждарын өтеуге, мемлекет тарапынан қолдау көрсету арқылы гүлденуіне ықпал етуі тиіс.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Әбдірейқызы Б. «Нұрлы жол»: Тиімді инфрақұрылым – түбегейлі жаңару көзі // Егеменді Қазақстан, №57 (27933), 11.12.2014.
2. Назарбаев Н. «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Қазақстан халқына Жолдауы. <http://egemen.kz/> 2014.

3. *Ақжанов Ә.А., Әймен Ә.Т.* Су және ауыл шаруашылығы экономикасы: оқу құралы. - Алматы: Эверо, 2009.-168 б.
4. *Ақжанов А.А., Аймен А.Т.* Су және ауыл шаруашылығы экономикасы: оқу құралы. - М.Х. Дулати атындағы ТарМУ, Тараз: ТарМУ, 2000. – 268 б.
5. *Аксенова В.И.* Водное хозяйство промышленных предприятий: Анықтамалық басылым. - М.: «Теплотехник», 2005, 432б.
6. *Бейсенбаев Ж.Т.* Аграрлық-өнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу: оқу құралы. – Алматы: Алматы, 2013. -91 б.

Введем обозначения  $\partial\Omega_+ = \partial\Omega \cap \{x \in R^n : x_1 \geq 0\}$ ,  $\partial\Omega_- = \partial\Omega \cap \{x \in R^n : x_1 \leq 0\}$   
 $I = \partial\Omega \cap \{x \in R^n : x_1 = 0\}$ .

Рассмотрим в области  $\Omega$  следующую задачу

$$-\Delta u(x) = f(x), \quad x \in \Omega, \tag{1}$$

$$u(x) - (-1)^k u(x^*) = g_1(x), \quad x \in \partial\Omega_+, \tag{2}$$

$$\Gamma_a[u](x) + (-1)^k \Gamma_a[u](x^*) = g_2(x), \quad x \in \partial\Omega_+, \tag{3}$$

где  $\Gamma_a[u](x) = \frac{\partial u(x)}{\partial \nu} + au(x)$ ,  $a \geq 0$ ,  $\nu$  – вектор нормали к границе

области  $\Omega$ .

Решением задачи (1)-(3) назовем функцию  $u(x) \in C^2(\Omega) \cap C^1(\bar{\Omega})$  удовлетворяющую условиям (1)-(3) в классическом смысле.

Очевидно, что необходимым условием существования решения из класса  $C^1(\bar{\Omega})$  является выполнение условий согласования:

$$g_1(0, \tilde{x}) + (-1)^k g_1(0, \alpha \tilde{x}) = 0, \quad (0, \tilde{x}) \in I, \tag{4}$$

$$\frac{\partial g_1(0, \tilde{x})}{\partial x_j} + (-1)^k \frac{\partial g_1(0, \alpha \tilde{x})}{\partial x_j} = 0, \quad j = 1, 2, \dots, n, \quad (0, \tilde{x}) \in I, \tag{5}$$

и

$$g_2(0, \tilde{x}) - (-1)^k g_2(0, \alpha \tilde{x}) = 0, \quad (0, \tilde{x}) \in I \tag{6}$$

Всюду в дальнейшем будем считать это условие выполненным. При необходимости аналогичные условия налагаем для производных высшего порядка.

Отметим, что задача (1)-(3) когда  $\Omega$  - шар исследована в работах [1,2]. Заметим также, что краевые задачи с периодическими условиями с граничными операторами дробного порядка изучались в работах [3,4].

### **2. Единственность решения.**

**Теорема 2.1.** Пусть решение задачи (1)-(3) существует. Тогда

1) если  $a > 0$ , то при  $k = 1, 2$  решение единственно.

2) если  $a = 0$ , то при  $k = 1$  решение единственно, а в случае  $k = 2$  единственно с точностью до постоянного слагаемого.

**Доказательство.** В силу идентичности доказательств, приведем доказательство только для случая 2). Предположим, что существуют две функции  $u_1(x)$  и  $u_2(x)$ , удовлетворяющие условиям задачи (1)-(3). Покажем, что функция  $u(x) = u_1(x) - u_2(x)$  может быть только постоянной. Очевидно, что  $u(x)$  - гармоническая функция, удовлетворяющая однородным условиям (2), (3) т.е.

$$u(x) = u(x^*), \quad x \in \partial\Omega_+$$

$$\Gamma_a[u](x) = -\Gamma_a[u](x^*), \quad x \in \partial\Omega_+ \tag{8}$$

Далее, если  $x = (x_1, \tilde{x})$  и  $x \in \partial\Omega_-$ , то  $x^* = (-x_1, \alpha\tilde{x})$  и  $x^* \in \partial\Omega_+$ . Поэтому из равенства (7) следует  $u(x^*) = u(x)$ ,  $x \in \partial\Omega_-$ . Следовательно, для всех  $x \in \partial\Omega$  выполняется равенство

$$u(x) = u(x^*), \quad x \in \partial\Omega. \quad (9)$$

Тогда из условий (8) и (9) следует

$$\Gamma_a[u](x) + \Gamma_a[u](x^*) = \frac{\partial u(x)}{\partial \nu} + au(x) + \frac{\partial u(x^*)}{\partial \nu} + au(x^*) = 2 \left[ \frac{\partial u(x)}{\partial \nu} + au(x) \right] = 0, \quad x \in \partial\Omega.$$

Значит, решение задачи (1)-(3) удовлетворяет граничному условию  $\frac{\partial u(x)}{\partial \nu} + au(x) = 0, x \in \partial\Omega$  т.е. является решением третьей краевой задачи с

однородными краевыми условиями. Тогда (см. например [3]) в случае  $a > 0$  решение этой задачи единственно, а в случае  $a > 0$  единственно с точностью до постоянного слагаемого. Теорема доказана.

### 3. Существование решения.

В этом пункте обоснуем существование решения. Рассмотрим только случай  $k = 1$ . Случай  $k = 2$  исследуется аналогично.

Введем в рассмотрение вспомогательные функции

$$v(x) = \frac{1}{2} u(x) + u(x^*), \quad w(x) = \frac{1}{2} u(x) - u(x^*). \quad \text{Очевидно, что}$$

$u(x) = v(x) + w(x)$ . Находим задачи, которым удовлетворяют эти функции. Применяя, к функции  $v(x)$  оператор  $-\Delta$  имеем

$$-\Delta v(x) = \frac{1}{2} (-\Delta u(x) - \Delta u(x^*)) = \frac{1}{2} f(x) + f(x^*) = f_+(x).$$

Далее,

$$v(x)|_{\partial\Omega_+} = \frac{1}{2} u(x) + u(x^*) \Big|_{\partial\Omega_+} = \frac{g_1(x)}{2},$$

$$v(x)|_{\partial\Omega_-} = \frac{1}{2} u(x) + u(x^*) \Big|_{\partial\Omega_-} = \frac{1}{2} u(x^*) + u(x) \Big|_{\partial\Omega_+} = \frac{g_1(x^*)}{2}.$$

Таким образом, функция  $v(x)$  является решением следующей задачи Дирихле

$$-\Delta v(x) = f_+(x), \quad x \in \Omega; \quad v(x) = \tilde{g}_1(x), \quad x \in \partial\Omega, \quad (10)$$

где обозначено  $2f_+(x) \equiv f(x) + f(x^*)$   $2\tilde{g}_1(x) = \begin{cases} g_1(x), & x \in \partial\Omega_+ \\ g_1(x^*), & x \in \partial\Omega_- \end{cases}$ .

Аналогично, можно показать, что функция  $w(x)$  является решением третьей краевой задачи:

$$-\Delta w(x) = f_-(x), x \in \Omega; \frac{\partial w(x)}{\partial \nu} + aw(x) = \tilde{g}_2(x), x \in \partial\Omega, \quad (11)$$

$$\text{где } f_-(x) \equiv 2 f(x) - f(x^*), \quad 2\tilde{g}_2(x) = \begin{cases} g_2(x), x \in \partial\Omega_+ \\ -g_2(x^*), x \in \partial\Omega_- \end{cases}$$

Известно (см. например [4], теорема 6.14, стр.109), что если  $f_+(x) \in C^\alpha \bar{\Omega}$ ,  $\tilde{g}_1(x) \in C^{\alpha+2} \partial\Omega$ ,  $0 < \alpha < 1$ , то решение задачи (10) существует, единственно и принадлежит классу  $C^{\alpha+2} \bar{\Omega}$ . Известно также (см. например [4], теорема 6.31, стр.128), что если  $f_-(x) \in C^\alpha \bar{\Omega}$ ,  $\tilde{g}_2(x) \in C^{\alpha+1} \partial\Omega$ ,  $0 < \alpha < 1, a > 0$ , то решение задачи (11) существует, единственно и принадлежит классу  $C^{\alpha+2} \bar{\Omega}$ . В случае  $a = 0$  мы получаем условие Неймана и для разрешимости этой задачи необходимо и достаточно выполнения условия

$$\int_{\Omega} f_-(x) dx = \int_{\partial\Omega} \tilde{g}_2(x) dS_x. \quad (12)$$

В этом случае, если решение существует, то при выполнении условия  $f_-(x) \in C^\alpha \bar{\Omega}$ ,  $\tilde{g}_2(x) \in C^{\alpha+1} \partial\Omega$ , решение также принадлежит классу  $C^{\alpha+2} \bar{\Omega}$ .

Далее, если  $f(x) \in C^\alpha \bar{\Omega}$ , то очевидно, что  $f_+(x) \in C^\alpha \bar{\Omega}$  и  $f_-(x) \in C^\alpha \bar{\Omega}$ . Кроме того, если  $g_1(x) \in C^{2+\alpha} \partial\Omega_+$ ,  $g_2(x) \in C^{\alpha+1} \partial\Omega_+$ , то в силу условий согласования (4)-(6)  $\tilde{g}_1(x) \in C^{\alpha+2} \partial\Omega$ ,  $\tilde{g}_2(x) \in C^{\alpha+1} \partial\Omega$ .

И наконец, в силу симметричности области  $\Omega$

$$\text{и } \int_{\Omega} f_-(x) dx = \frac{1}{2} \int_{\Omega} f(x) - f(x^*) dx = \frac{1}{2} \int_{\Omega} f(x) dx - \frac{1}{2} \int_{\Omega} f(x^*) dx = \frac{1}{2} \int_{\Omega} f(x) dx - \frac{1}{2} \int_{\Omega} f(x) dx = 0,$$

$$\int_{\partial\Omega} \tilde{g}_2(x) dS_x = \frac{1}{2} \int_{\partial\Omega_+} g_2(x) dS_x - \frac{1}{2} \int_{\partial\Omega_-} g_2(x^*) dS_x = \frac{1}{2} \int_{\partial\Omega_+} g_2(x) dS_x - \frac{1}{2} \int_{\partial\Omega_+} g_2(x) dS_x = 0,$$

то есть условие существования решения задачи Неймана (12) – выполнен. Ее решение не единственно с точностью до постоянного слагаемого.

Таким образом, мы доказали следующее утверждение

**Теорема 3.1.** Пусть  $k = 1$ ,  $f(x) \in C^\alpha(\bar{\Omega})$ ,  $g_1(x) \in C^{2+\alpha}(\partial\Omega_+)$ ,  $g_2(x) \in C^{1+\alpha}(\partial\Omega_+)$ ,  $0 < \alpha < 1$  и выполнены условия согласования (4)-(6). Тогда для любого  $a \geq 0$

решение задачи (1)-(3) существует, единственно и принадлежит классу  $C^{2+\alpha}(\bar{\Omega})$ .

Аналогичными рассуждениями доказывается следующее утверждение

**Теорема 3.2.** Пусть  $k = 2$ ,  $f(x) \in C^\alpha(\bar{\Omega})$ ,  $g_1(x) \in C^{2+\alpha}(\partial\Omega_+)$ ,  $g_2(x) \in C^{1+\alpha}(\partial\Omega_+)$ ,  $0 < \alpha < 1$  и выполнены условия согласования (4)-(6). Тогда

1) если  $a > 0$ , то решение задачи (1)-(3) существует единственно и принадлежит классу  $C^{2+\alpha}(\bar{\Omega})$ .

2) если  $a = 0$ , то для разрешимости задачи (1)-(3) необходимо и достаточно выполнение условия

$$\int_{\Omega} f(y) ds_y = \int_{\partial\Omega_+} g_2(y) ds_y.$$

Если решение существует, то оно единственно с точностью до постоянного слагаемого и принадлежит классу  $C^{2+\alpha}(\bar{\Omega})$ .

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Sadybekov M.A., Turmetov B.Kh. On analogues of periodic boundary value problems for the Laplace operator in ball. Eurasian Mathematical Journal. V.3, №1, 2012. h.143-146. (0,25)
2. Садыбеков М.А., Турметов Б.Х. Об одном аналоге периодических краевых задач для уравнения Пуассона в круге // Дифференциальные уравнения. 2014. т.50: №2, с.264-268.
3. Бицадзе А.В. Некоторые классы уравнений в частных производных. – М.: Наука. 1981. – 449 с.
4. Гилбарг Д., Трудингер М. Эллиптические дифференциальные уравнения с частными производными второго порядка. – М.: Наука, Гл.ред. физ.-мат. лит., 1989. – 464

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл жұмыста эллипсоидтегі Пуассон теңдеуі үшін периодты шеттік есептердің кейбір аналогтары қарастырылады. Айнымалыларды ажырату әдісін қолдану арқылы зерттеліп отырған есеп екі шеттік есепке келтіріледі. Сондай-ақ, есеп шешімдерінің бар болуы және жалғыздығы туралы теоремалар дәлелденеді.

(Турметов Б.Х., Мамурова С.Э. Пуассон теңдеуі үшін периодты шеттік есептер туралы)

#### SUMMARY

This paper discusses some analogues of periodic boundary value problems for the Poisson equation in ellipsoid. By using Fourier method, the problem reduces into two boundary problems. Proved existence and uniqueness of solutions of investigated problems. (Turmetov B.H., Mamurova S.E. Periodic Boundary Value Problems for the Poisson Equation)



ӘОЖ 631.461:631.445.24

**М.О.АЛТЫНБЕКОВА**

химия ғылымдарының кандидаты, доцент  
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

**З.У.ТОЛЕШОВА**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

### **ТОПЫРАҚТЫ ХИМИЯЛЫҚ ТАЛДАУ**

***Аннотация.** Қожса Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ботаникалық бағының алма ағашы өсірілген топыраққа агрохимиялық талдау жүргізіліп, химиялық элементтердің массалық үлесі анықталды. 10-20 см тереңдіктегі элементтердің массалық үлесі. С-8,92%, О-51,95%, Na-0,70%, Mg-1,76%, Al-5,29%, Si-17,38%, P-0,12%, K-1,84%, Ca-7,94%, Ti-0,30%, Fe-3,80% құрады. Мақалада топырақтың химиялық құрамын анықтау арқылы оның сапасы мен химиялық көрсеткіштерін реттеу әдістері мен тәсілдерін жетілдіру қарастырылған. Азот қосылыстары топырақта көп болса өсімдіктердің вегетациялық мүшелері қаулап өсіп, ылғалды көп жұмсайды. Фосфор заттары топырақтан ылғалды тек қана қажетті мөлшерде алуға көмектеседі.*

*Кілт сөздері:* агрохимия, гумус, химиялық элементтер, органикалық қышқылдар, суспензия, топырақ, химиялық анализ.

*Ключевые слова:* агрохимия, гумус, химические элементы, органические кислоты, суспензия, почва, химический анализ.

*Anahtar kelimeler:* tarımsal kimya, humus, kimyasal elementler, organik asitler, süspansiyon, toprak, kimyasal analiz.

*Key words:* agrochemistry, humus, chemical elements, organic acid, suspension, soil, chemical analysis.

Топырақтың химиялық құрамын талдау өнімнің сапасын жақсарту үшін жалпы экологиялық жағдайды анықтайтын параметрлерді бағалауға мүмкіндік береді. Топырақтың химиялық құрамы алуан түрлі, оған минералды және органикалық қосылыстар түріндегі химиялық элементтер кіреді. Судағы, өсімдіктердегі және азық-түлік өнімдеріндегі белгілі бір

минералды элементтердің құрамы, адам ағзасының олармен қамтамасыз етілуі топырақтың химиялық құрамына байланысты. Олар топырақта аз өзгереді, жинақталған, еріген, сіңіруге дайын түрде де болады. Кейбір өсімдіктердің адсорбциялық қасиеті болса, ал екінші бір өсімдіктер тіпті басқаша керісінше уыттылығын жоғарылатуы да мүмкін [1, 2].

Топырақтың көптеген қасиеттерінің ішінен оның құнарлылығын көрсететін және ауылшаруашылық дақылдарының өнімдеріне тікелей ықпал ететін агрохимиялық көрсеткіштер, яғни топырақтың қышқылдық дәрежесін (рН), қарашіріктің, азоттың, фосфордың және калийдің қорларын атауға болады. Топырақ құнарлылығының негізгі көрсеткіштерінің бірі оның қарашірігінің (гумусының) мөлшері. Ол Қазақстан топырағында 1-3 пайыздан (сұр топырақ), 6-8 пайызға (қара топырақ) дейін ауытқиды. Топырақтардың гумус жағдайлары – органикалық заттардың барлық морфологиялық белгілерінің, жалпы қорларының қасиеттерінің, олардың түзілу, өзгеру трансформация және топырақ қабаттарында жылжу көрсеткіштерінің жиынтығы. Ауыл шаруашылығында жоғары өнім алу үшін азотты, фосфорды және калийді қолданады. Сондықтан, егіншілікке азотты, фосфорлы және калийлі тыңайтқыштар пайдаланылады [3, 4].

Топырақтың негізгі қасиеті – құнарлығы деп, оның өсімдіктерді барлық қоректік заттармен және ылғалмен қамтамасыз етуін айтады [5]. Химиялық талдауға қарасақ топырақтағы химиялық элементтер құрамы көп және ол көп жылға жетеді. Бірақ өсімдіктер үшін элементтердің мөлшері емес топырақтағы өсімдік сіңіруге ыңғайлы формалары маңызды.


Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ботаникалық бағының алма ағашы өсірілген топырағынан зерттеуге топырақ үлгілері алынды. Ұсынылып отырған ғылыми жұмыстың негізгі мақсаты топырақтың химиялық құрамын анықтау арқылы топырақ және тыңайтқыштардың өзара әрекеттесу процестерінде өте маңызды роль атқаратын топырақтың негізгі қасиеттерін жан-жақты зерттеу. Топырақтың элементтік құрамын анықтау үшін әртүрлі тереңдікте үш сынама алынды. Топырақ сынамалары алынған тереңдіктер: 15-20 см, 20-40 см, 40-60 см.

Кешенді талдау жұмысын жүргізу үшін, растрлі электронды микроскоп, энергодисперсті анализатор арқылы топырақтың элементтік құрамын анықтадық. Топырақта минералдық құрамы 80-90 %-ға жетсе, органикалық құрамы 10 %-дай ғана. Қазір топырақ құрамында көптеген белгілі химиялық элементтер бар. Зерттеу нәтижелері бойынша топырақтың 10-20 см, 20-40 см, 40-60 см тереңдіктегі химиялық құрамы 1-кестеде келтірілген.

*Кесте-1.* Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ботаникалық бағының алма ағашы өсірілген топырағының химиялық құрамы (10-20 см, 20-40 см, 40-60 см тереңдікте)

Элемент	C	O	Na	Mg	Al	Si	P	K	Ca	Ti	Fe
Массалық үлес %, тереңдік 10-20 см	8,92	51,95	0,70	1,76	5,29	17,38	0,12	1,84	7,94	0,30	3,80
Массалық үлес %, тереңдік 20-40 см	8,40	52,09	0,55	1,81	5,35	17,67	0,07	1,95	8,04	0,30	3,77
Массалық үлес %, тереңдік 40-60 см	9,95	51,83	0,60	1,72	4,97	16,34	0,04	1,70	8,88	0,30	3,68

1-кестеде көрініп тұрғандай топырақтың 10-20 см тереңдікте, фосфордың (P) массалық үлесі 0,12 %, К - 1,84 %, Са- 7,94 %, Mg-1,76 %, Fe 3,80%, Si-17,38 % құрайды (1-сурет).




*Сурет 1.* Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ботаникалық бағының алма ағашы өсірілген топырағының РЭМ, энерго дисперсті анализатор көмегімен анықталған массалық үлесі (10-20 см тереңдікте).

Әдетте фосфор тыңайтқышын енгізу өнім шығымдылығын көп арттырмайды, алайда олардың сақтауға төзімділігін жақсартады.

Топырақтың 20-40 см тереңдікте фосфордың (P) массалық үлесі 0,7%, Na- 0,55%, Mg-1,81%, Al-5,35%, Si-17,67% құрайды (2-сурет).

Топырақта минералды фосфаттар кальций, магний, алюминий, темір тұздары түрінде кездеседі, яғни олардың құрамын топырақтың сіңіру кешеніндегі катиондар анықтайды.




Сурет 2. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ботаникалық бағының алма ағашы өсірілген топырағының РЭМ, энерго дисперсті анализатор көмегімен анықталған массалық үлесі (20-40см тереңдікте).

Мысалы, реакциясы бейтарап және сілтілік топырақтарда кальций фосфаттары басымырақ болса, қышқыл топырақта алюминий мен темірдің фосфорлы қосылыстары кеңінен таралады [2].

1- кестеден көрініп тұрғандай фосфордың (P) массалық үлесі 20-40 см тереңдік қабаттарында 0,07 болса, ал одан төменгі 40-60 см қабаттарында 0,04% құрайды (сурет-3). Фосфор көбінесе топырақтың жоғарғы қабатында шоғырланатындықтан, оны осы қабаттан өсімдік көп мөлшерде сіңіре алады.

Топырақтың қатты фазасының А.П.Виноградов ұсынған элементтік құрамы бойынша анықталған темірдің (Fe) мөлшері ботаникалық бақтағы топырақтағы темір (Fe) мөлшерімен сәйкес. Алюминийдің (Al) мөлшері 7,10% құраса, ал ботаникалық бақтағы топырақта 10-20 см тереңдікте 5,29 %, 20-40 см тереңдікте 5,35 %, ал одан төменгі қабатта 4,97 % мөлшерінде кездеседі. Қышқыл ерітінді ортада (рН-5) алюминийдің 1,5 тотығы топырақ құрамындағы органикалық қышқылдармен байланып, кешенді жылжымалы қосындылар түзеді де, топырақтан шайылып кетеді.



Сурет 3. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ботаникалық бағының алма ағашы өсірілген топырағының РЭМ, энерго дисперсті анализатор көмегімен анықталған массалық үлесі (40-60 см тереңдікте).

Кальций (Ca), магний (Mg), калий (K) физиологиялық қажетті элементтер. Топырақтағы сіңірілген катиондар арасында бірінші орында кальций, одан кейін магний тұрады.

Қорыта айтқанда Қожа Ахмет Ясауи атындағы университеттің ботаникалық бағының алма ағашы өсірілген топырақтың химиялық құрамын зерттегенде топырақтың құрамындағы магний (Mg) массалық үлесі 10-20 см тереңдік қабаттарында 1,76%, ал кальций (Ca) 7,94%, натрий (Na) 0,70%, 20-40 см тереңдікте магний (Mg) 1,81%, кальций (Ca) 8,04%, натрий (Na) 0,55%, ал одан төменгі 40-60 см қабаттарында магний (Mg) 1,72%, ал кальций (Ca) 8,88%, натрий (Na) 0,60%, бар екені анықталды. Алынған мәлімет бойынша магний ортаңғы қабатта көп, ал кальцийдің жоғары қабаттан төменгі қабатқа мөлшері артатынын, натрийдің ортаңғы қабатта аз екенін көруге болады. Топырақ құнарлылығы тек табиғи қасиеттеріне емес, оны өңдеу сипатына да байланысты. Табиғи құнарлылық топырақтың жаратылыс қасиеттеріне байланысты. Олардың химиялық құрамы және құрылымы толығымен топырақ түзілу жағдайларын айқындайды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Елешев Р., Смағұлов Т., Балғабаев Ә., Рамазанова Р.* Агрохимиялық зерттеулер әдістемесі: –Алматы: «Тоғанай Т», 2012. – 262 б.
2. *Елешев Р., Сапаров А., Балғабаев Ә., Туктуғұлов Е.* Агрохимия және тыңайтқыш колдану: -Алматы, «Агроуниверситет» 2010. – 450 б.
3. *Орлов Д.С., Садовникова Л. К., Суханова Н.И.* Химия почв. –Москва: Высшая школа, 2005. – 558с.
4. *Кажиахметов С.А.* «Топырақтану» пәні бойынша лабораториялық жұмыстарды жүргізу әдістемесі: Оқу-әдістемелік құрал – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ-нің, 2012. -50 б.
5. *Гамзиков Г.П., Сүлейменов С.З., Нұрманов Е.Т.* Батыс-Сібір жазықтық топырағының азот жинау қабілеті // С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-ң Ғылым жаршысы, №1, (72), 2012.

#### РЕЗЮМЕ

В результате агрохимического исследования почв посаженных яблонь в ботаническом саду МКТУ имени Х.А. Ясави были обнаружены массовая доля химических элементов. В глубине 10-20см массовая доля химических элементов составляет: *C-8,92%, O-51,95%, Na-0,70% Mg-1,76%, Al-5,29%, Si-17,38%, P-0,12%, K-1,84%, Ca-7,94%, Ti-0,30% Fe-3,80%*. В статье были рассмотрены качество и порядок химических показателей при помощи определения химического состава почв. Избыток соединения азота в составе почвы удлиняет вегетацию растения, что может способствовать сильному развитию вегетативных органов, в результате оно будет употреблять избыточное количество влаги. Фосфор, в свою очередь, способствует растению получать только необходимую влагу.

(Алтынбекова М.О., Толешова З.У. Химический анализ почвы )

**SUMMARY**

By the results of agrochemical research of soils of the planted apple trees in the Botanical Garden of IKTU named by H.A. Yasawi were determined the mass part of the chemical elements. In the depth of 10-20cm the mass part of the soil consists of C-8.92%, O-51.95%, Na-0.70% Mg-1.76%, Al-5.29%, Si-17.38%, P-0.12 %, K-1.84%, Ca-7.94%, Ti-0.30% Fe-3.80%. In the article there were reviewed the quality and the system of chemical indicators with the help of determining chemical composition of soils. Excess of nitrogen in the composition of the soil extends the vegetation of the plain which may contribute strong development of the vegetative organs of the plain, as a result it would spend an excessive amount of moisture. Phosphorus helps the plains to receive the limited moisture.

**(Altynbekova M.O., Toleshova Z.U. Chemical Analysis of the Soil )**

ӘОЖ 574.526 3

**М.О.БАЙХАМУРОВА**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ,  
"Экология" ҒЗИ-нің кіші ғылыми қызметкері

**Ә.М.ТІНЕЙБАЙ**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**АРЫСТАН БАБ КЕСЕНЕСІНІҢ ҚҰДЫҚ СУЛАРЫН  
СОРБЦИЯЛЫҚ ӘДІС АРҚЫЛЫ  
ТҰЗСЫЗДАНДЫРУ**

***Аннотация.** Бұл мақалада Арыстан баб кесенесінің территориясындағы құдық суларын сорбенттермен тазалау нәтижесі келтірілген. Арыстан баб кесенесінің құдық суларының сульфат пен хлоридтері шекті рұқсат етілген концентрациядан (ШРК) жоғары, сондықтан тұзданған суды тұзсыздандыру үшін зәйтүн өндірісінің қалдығынан алынған белсендірілген көмір қолданылды.*

***Кілт сөздері:** Арыстан баб кесенесі, сорбент, тұзсыздандыру, зәйтүн сүйегі.*

***Ключевые слова:** мавзолей Арыстанбаб, сорбент, обессоливания, оливковое ядро.*

***Anahtar kelimeler:** mausoleum Arystanbab, sorbent, tuzsuzlastirma, zeytin cekirdegi.*

***Keywords:** mausoleum of Arystanbab, sorbent, desalting, olive kernel.*


***Kіpіcne.** Оңтүстік Қазақстан облысы «Биологиялық әртүрлілікті сақтау және ұтымды пайдаланудың Ұлттық есебінің» анықтамасы бойынша Қазақстанның экологиялық қауіпті аймақтарының екінші тобына кіреді. Осыған қоса, Отырар ауданы Арал аймағына жатады, яғни, «ҚР шөлейттенуге қарсы күрес әрекеттерінің Ұлттық бағдарламасының» құжаттамасына сәйкес бұл аймақ Аралдың және жергілікті экологиялық мәселелерінің әсерінен тұздану ареалдарының әрі қарай кеңеюі, су қоймаларының ластануы, тозуы, батпақтануы және шөлейттенуі, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің деградациялануы байқалады. Бұл территория шөлді-далалы аймақтың бір бөлігі болып саналады және*

жауын-шашын мөлшерінің жетіспеушілігінен, жылулық пен күн радиациясының молдылығынан құрғақ субтропикке жатады.

Тарихи құндылығы аса жоғары, елімізде республикалық дәрежедегі ескерткіштер қатарына жататын Арыстанбаб кесенесінің жағдайы соңғы жылдары күрт төмендеп кетті. Кесененің есік пен терезе ойықтары үстіндегі қабырға бөліктеріне сызаттар, жарықшалар түскен, кейбір қыштар орындарынан босаған. Бір бөлмеде қабырға жоғары бөлігінен іргесіне дейін жарылған. Қабірхана бөлмесінің ешбір терезе-есігі жоқ қабырғасында кірпіштер қақ айырылған, осы қабырғада жоғарыдан төмен қарай бірнеше сызықшалар қатар түскен. Яғни, бұл тұтас қыштан қаланған қабырғалардың өзі жарылып жатыр деуге болады. Қазіргі шақта орын алып отырған кесенедегі өзгерістердің себебін айқындау және қоршаған орта нысандарының әсерінен бар жоғын білу мақсатында ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілді. Тәжірибе арқылы құдық суларының сапалы және сандық химиялық, биологиялық, физикалық құрамдары анықталып, Арыстанбаб кесенесінің бұзылуына жерасты суларының қосатын үлесі ауқымды екені дәлелденді [1].

Арыстанбаб кесенесінің маңызды тарихи ескерткішке жанасқан 5 құдық көздері орналасқан (сурет 1).



 - Су сынамалары алынған құдықтар

Сурет 1. Сынамалар алынған жерлердің карта-схемасы.

Тұздылығына қарай құдықтарды былай орналастыруға болады: №3>№2>№1>№5>№4. енді нормативтік көрсеткіштермен салыстырсақ №1-3 құдықтарда тұздылық 18,5-24,7 есе жоғары, №5-те 4 есе жоғары болса, ал №4 құдықтың суы нормативтік деңгейде.

pH мағынасына сәйкес құдық сулары әлсіз сілтілі, нормативтік деңгейден (pH=6-9) аспайды.



Арыстанбаб кесенесінің бұзылуына жерасты суларының қосатын үлесі ауқымды екеніне күмән жоқ. Оның қолайсыз үрдістерге қатысын білу мақсатында құрамдарына анықтау жұмыстары жүргізілді.

Жұмыстың мақсаты: Арыстанбаб кесенесіне қатысты құдық суларын тұзсыздандыру жолын іздестіру.

*Зерттеу әдістері:* Жерасты суларының химиялық анализі үшін ҚР Қоршаған ортаны қорғау Министрлігі (2007 жылғы 5 сәуірдегі №100 бұйрығы) бекіткен «Ережелеріне» сәйкес, сынамаларды алу барысында пластикалық сынама ыдыстары қолданылған. Олар тасымалдау барысында зерттелетін судың химиялық құрамының сақталуын қамтамасыз етеді. Судың сапалық және сандық құрамы белгілі әдістермен зерттелген [2,3].

*Зерттеу нысандары мен нәтижелері:* Зерттеу нысаны ретінде Арыстанбаб кесенесіне қатысты құдық суларын, сорбент ретінде зәйтүн дәнегінен алынған белсендірілген көмір қолданылған.

Тәжірибе арқылы құдық суларының сапалы және сандық химиялық, биологиялық, физикалық құрамы анықталды (1- кесте).

*Кесте 1. Құдық суларының химиялық анализ көрсеткіштері*

№	Сынама Сынама алынған құдықтар, №	Химиялық құрамының көрсеткіштері				
		Сульфат, мг/дм <sup>3</sup>	Нитрат,м г/дм <sup>3</sup>	Нитрит,м г/дм <sup>3</sup>	Құрғақ қалдық мг/дм <sup>3</sup>	Хлорид мг/дм <sup>3</sup>
1	1	9639,4	26,2	0,106	18460	4155
2	2	9008,5	3,5	0,091	20455	3922
3	3	8905,9	207,9	21,4	24740	6102
4	4	8001,2	5,6	1,5	1602,5	348,7
5	5	6005,6	1,4	1,3	4100	1743
НҚ бойынша талаптары		<b>500</b>	<b>45</b>	<b>3</b>	<b>2</b>	<b>1000-1500</b>
Нормативтік құжаттар		ГОСТ 4389-72	ГОСТ 18826-73	ГОСТ 4192-82	ГОСТ 4192-82	ГОСТ 18164-72

1-ші кестедегі мәліметтер көрсетіп отырғандай, тұздың жалпы мөлшері нормативтен 18-20 есе жоғары. Бұл суды тікелей ішуге қабылдау әртүрлі ауруларға әкеліп соғуы мүмкін, оны тек сыртқы жараларды емдеуге қолдануға орынды.

Суды қасиетті деп қабылдайтын жұртшылыққа тұздылығын төмендеткеннен кейін ғана пайдалануға болады.

Құдық суларының тұздылығын төмендету мақсатында адам ағзасына зиянсыз тұзсыздандыру әдісін іздеу өзекті мәселелердің бірі болды. Осыған байланысты қазіргі кезде кең қолданысын тауып отырған сорбция

әдісіне тоқталдық. Сорбент ретінде экономикалық-экологиялық тиімді, адам ағзасына зияндылығы жоқ зәйтүн дәнегінен алынған белсендірілген көмір қолданылды.

1-кестедегі мәліметтерден көріп отырғандай, Арыстанбаб кесенесінің құдық суындағы сульфат-иондарының мөлшері нормативтік көрсеткіштен 19 есе жоғары. Зәйтүн сүйегінен алынған сорбент сульфат-иондарының мөлшерін 95,4 % тазалады.

Кесте 2. Құдық су құрамындағы сульфат ионынан сорбциялау көрсеткіші

Зерттелетін су	SO <sup>2-</sup> <sub>4</sub>			НҚ сәйкес көрсеткіштер	Қолданылған НҚ
	мг/дм <sup>3</sup>	Жұтылуы			
		мг/дм <sup>3</sup>	%		
Зерттелетін Арыстанбаб суы	9639,4	-	-	<b>500</b>	ГОСТ 4389-72
Сорбент қосылғаннан кейінгі Арыстанбаб суы	448,535	9190,8	95,4	<b>500</b>	ГОСТ 4389-72

*Тұжырым:* Арыстанбаб кесенесінің негізгі қолданыстағы құдығының суы нормативтік деңгейге сәйкес келмейтіні және де оны тікелей ауыз су ретінде пайдалануға жатпайтыны тәжірибелік сынаулар арқылы дәлелденді.

Зәйтүн сүйегінен алынған сорбент сульфат-иондарының мөлшерін 95,4% тазалады. Зәйтүн дәнегінің белсендірілген көмірімен нормативтік дәрежеге түсірілді. Белсендірілген көмір сульфат ионынан тазалау үшін тиімді сорбент екені анықталды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Акбасова А.Ж., Тойчибекова Г.Б. Оценка влияния объектов окружающей среды на состояние мавзолея Х.А.Ясави // Вестник ТарГУ. – Тараз, 2011. – №2. –с. 13-17.
2. ГОСТ 26449.0-85 Общие требования к методам химического анализа при опреснении соленых вод.
3. СТ РК 1499-2006 Стандартные методы подготовки емкостей для отбора и хранения проб воды, содержащих орган. соединения.
4. ГОСТ РК 52964-2008 Вода питьевая. Методы определения содержания сульфатов.

#### **РЕЗЮМЕ**

В данной статье рассмотрена возможность применения активированного угля полученного из оливкового производства для обессоливания воды мавзолея. На основе экспериментальных исследований нами установлена высокая засоленность и загрязненность. Основную часть минерального состава воды колодцев Арыстанбаб составляют хлориды и сульфаты.

**(Байхамурова М.О., Тинейбай А.М. Обессоливание колодезных вод мавзолея арыстанбаб сорбционным методом)**

#### **SUMMARY**

This article examines the possibility of using activated carbon derived from olive production for the desalination of the mausoleum. Based on experimental studies, we set high salinity and pollution. The bulk of the mineral composition of the water well sup Arystanbab chlorides and sulfates.

**(Baikhamurova M.o., Tineibay A.M. Desalting of Manhole Water Mausoleum Arystanbab with Sorption Methods)**

УДК 616.314.17-002

**К.А.БАИТОВ**

врач-стоматолог высшей категории  
Стоматологическая клиника доктора Баитова

**ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ СИСТЕМНОЙ  
ЭНЗИМОТЕРАПИИ В КОМПЛЕКСНОМ ЛЕЧЕНИИ БОЛЕЗНЕЙ  
ПАРОДОНТА**

***Аннотация.** Анализ динамики клинических и рентгенологических показателей, индексной оценки состояния пародонта в ближайшие и отдалённые сроки после лечения хронического генерализованного пародонтита лёгкой и средней степени тяжести позволил установить, что включение в комплекс лечения предложенных нами лекарственных комбинаций на основе препарата Вобэнзима и антибактериальных препаратов, способствует повышению клинической эффективности восстановительной терапии, стабилизации процесса и удлинению ремиссии.*

***Ключевые слова:** заболевания пародонта, энзимотерапия, фермент Вобензим, период стабилизации, ремиссия.*

***Кілт сөздері:** пародонт аурулары, энзимотерапия, фермент Вобензим, стабилизация кезеңі, ремиссия.*

***Anahtar kelimeler:** periodontal hastalık, enzimoterapi, Wobenzym enzimi, stabilizasyon donemi, bağıslama.*

***Keywords:** periodontal disease, enzymotherapy, enzyme Vobenzim, stabilization period, remission.*

При распространении воспаления на глубокие отделы тканей пародонта объектом повреждающего действия становятся, прежде всего, сосудистая система пародонта и периодонтальная связка. При этом резко повышается проницаемость сосудистой стенки, тем самым приводя к последующему нарушению демпферной функции пародонта [1].

Большое количество существующих методов лечения болезней пародонта отражает попытки исследователей и клиницистов оказать лечебное воздействие на различные звенья патогенетического механизма патологического процесса. Однако, имеющиеся методы лечения не всегда

позволяют добиться желаемого результата и полноценной реабилитации пациентов [2].

Системная энзимотерапия представляет собой дополнительный или самостоятельный метод лечения и профилактики заболеваний с помощью специально подобранной комбинации энзимов растительного и животного происхождения и рутин, оказывающих комбинированное действие на ключевые физиологические и патофизиологические процессы в тканях пародонта [3].

В медицинской практике в качестве полиферментных препаратов применяются Вобэнзим и Флогэнзим [4].

В состав этих препаратов входят животные и растительные протеазы, взаимно дополняющие друг друга своей специфичностью относительно субстратов воспаления. В полиферментных препаратах присутствуют трипсин, химо tripsин, амилаза, липаза и панкреатин, которые получают из поджелудочных желез животных, а также папаин и бромелаин, добываемые, соответственно, из растений *Carica papaya* и *Ananas comusus*.

Благодаря биохимическим свойствам компонентов препаратов каждый из них имеет широкий спектр воздействия на различные этапы воспалительного процесса.

**Целью работы явилось:** изучение влияния системной энзимотерапии на течение воспалительного процесса в тканях пародонта.

**Материалы и методы исследования.** Под наблюдением находилось 168 пациентов в возрасте от 20 до 73 лет из них 66 мужчин (39,29%) и 102 женщины (69,71%) с воспалительными заболеваниями пародонта различной степени тяжести, с давностью заболевания от 6 месяцев до 30 лет. У 75 человек (44,64%) установлен диагноз хронический генерализованный пародонтит лёгкой степени тяжести, у 93 (55,36%) – хронический генерализованный пародонтит средней степени тяжести.

Больные с заболеваниями пародонта в зависимости от нозологической формы и метода лечения были разделены на 5 группы. Среди них основную группу составляла 3 и 2 группы сравнения.

В основной группе 34 пациента с диагнозом – хронический генерализованный пародонтит лёгкой степени тяжести (ХГПЛСТ) (I группа); 53 пациента с диагнозом – хронический генерализованный пародонтит средней степени тяжести (ХГПССТ) (II и III группы), – всего 87 человек. Группы сравнения составили пациенты с ХГПЛСТ (41 человек) – группа А, и с ХГПССТ (40 человек) – группа Б.

Комплекс клинических методов исследования был стандартен (опрос, осмотр, зондирование, оценка степени подвижности зубов, оценка

состояния тканей пародонта) до лечения, после санации полости рта и проведённого комплексного лечения болезней пародонта были изучены ближайшие и отдалённые сроки исследования. Для оценки гигиенического состояния полости рта использован гигиенический индекс Федорова-Володкиной, а состояния тканей пародонта по индексу ПМА.

Для изучения распространённости, интенсивности патологического процесса в тканях пародонта, а также нуждаемости в лечении больных с заболеваниями пародонта использовали индекс CPITN. предложенный ВОЗ.

В группах сравнения проводили лечение по общепринятой традиционной схеме, а в основных группах в комплекс лечебных процедур включили препарат Вобэнзим.

Для проведения комплексной терапии в 3 основных группах больных разделили с учётом тяжести болезней пародонта, а также в зависимости от применяемого антибактериального препарата.

Предложенные лекарственные композиции включали: в I группе – Метрогил Дента в сочетании с Вобэнзимом (34 человека), во II группе – линкомицина гидрохлорид с Вобэнзимом (29 человек), а в III – софрадекс с Вобэнзимом (24 человека).

Всем больным назначали общее лечение с включением витаминных препаратов: аскорутин, олиговит или юникап – Т). Были изучены ближайшие и отдалённые сроки исследования после курса лечения больных.

Полученный материал проанализирован методом вариационной статистики с использованием критерия Стьюдента. Вычисления проводили на персональном компьютере с применением программ статистического анализа Microsoft Excel 2003 к программе Windows XP.

**Результаты исследования и их обсуждение.** Наблюдения за больными и анализ полученных данных показали хорошую эффективность лечения у больных всех групп, особенно, выраженная положительная динамика изучаемых нами показателей наблюдалась в основных группах, где применяли в комплексном лечении препарата Вобэнзим в сочетании с антибактериальной терапией.

Курс лечения составлял 5 – 6 сеансов. Ко 3 – 4 посещению (1 – 3 сутки) пациенты отмечали улучшение состояния тканей пародонта. Исчезал запах изо рта, прекращался зуд, жжение в области дёсен, наблюдалось уменьшение их кровоточивости, болевых ощущений.

При объективном исследовании выявлено отсутствие гиперемии, цианотичности, уменьшение кровоточивости, отёка слизистой оболочки десневых сосочков у всех пациентов данной группы.

После курса лечения (7-14 сутки) у больных с заболеваниями пародонта значения индексов улучшились, приводя к нормальным средним значениям. Например: значение ПИ составил до лечения  $2,4 \pm 0,07$ ; после курса лечения  $- 0,97 \pm 0,06$ ; а ПМА был до лечения  $- 60\%$ ; а после курса лечения  $25\%$ , СРІТN до лечения  $2,3 \pm 0,04$ ; а после курса лечения  $- 0,31 \pm 0,03$ . Проба Шиллера-Писарева у 32 ( $94,12 \pm 4,0\%$ ) больных была отрицательной.

По данным индексной оценки эффективность традиционного метода в контроле была на более низком уровне.

Так, в группе А продолжительность курса лечения больных до полного исчезновения клинических признаков воспаления составила 7 – 8 посещений. К 3 – 4 посещению (3-7 сутки) пациенты отмечали улучшение состояния пародонта. Исчезал запах изо рта, прекращался зуд, жжение в области дёсен, наблюдалось уменьшение кровоточивости дёсен, болевых ощущений. Объективно выявлено значительное снижение воспалительных явлений, уменьшение гиперемии, кровоточивости, отёка слизистой оболочки десневых сосочков у всех пациентов данной группы, о чём свидетельствуют показатели индексной оценки состояния пародонта и гигиены полости рта: ПИ – до  $1,48 \pm 0,08$ , ПМА – до  $10,37 \pm 1,32\%$ , СРІТN –  $1,47 \pm 0,04$ . Пробы Шиллера-Писарева – отрицательные у  $80,49 \pm 6,2\%$  пациентов.

Использование лекарственной композиции с Вобэнзимом у пациентов II и III групп проводили в 6 – 8 сеансов. Уже ко 2 – 3 посещению (1-3 сутки) пациенты отмечали улучшение состояния пародонта. Отсутствовал запах изо рта, прекращался зуд, жжение в области дёсен, наблюдалось уменьшение их кровоточивости, болевых ощущений. Снижение признаков воспаления наблюдалось на 5-7 сутки (исчезала отёчность, десна была бледно-розового цвета, не кровоточила).

Значения индексов состояния тканей пародонта и гигиены полости рта пациентов II группы значительно уменьшились и стали равны: ПИ –  $1,23 \pm 0,07$ , ПМА –  $2,68 \pm 0,22\%$ , СРІТN –  $0,40 \pm 0,13$ . Пробы Шиллера-Писарева – отрицательные у  $93,10 \pm 4,7\%$  больных.

В III группе показатели индексов тоже снизились и соответствовали норме: ПИ –  $1,27 \pm 0,03$ , ПМА –  $2,49 \pm 0,19\%$ , СРІТN –  $0,39 \pm 0,16$ . Пробы Шиллера-Писарева – отрицательные у  $91,67 \pm 5,6\%$  больных.

А в группе Б показатели были выше, чем у пациентов II и III групп: ПИ –  $1,98 \pm 0,08$ ; ПМА –  $13,41 \pm 2,04\%$ ; СРІТN –  $1,69 \pm 0,03$ . Проба Шиллера-Писарева – отрицательная у  $77,50 \pm 6,6\%$  пациентов.

Через месяц после проведённой терапии улучшение состояния тканей пародонта вплоть до полного исчезновения воспалительного процесса наблюдалось у всех пациентов I группы. Жалоб они не предъявляли. При

объективном исследовании отмечалось восстановление цвета десны до бледно-розового, десневые сосочки до правильной формы, с формированием плотного валика по линии зубодесневого прикрепления. Значения индексов состояния тканей пародонта и гигиены полости рта значительно уменьшились и стали равны: ПИ –  $0,77 \pm 0,2$ ; ПМА –  $1,88 \pm 0,12$  %; СРІТN –  $0,31 \pm 0,03$ . Пробы Шиллера-Писарева.

Для сравнения: у 36 ( $87,80 \pm 5,1\%$ ) больных группы А установлена нормализация состояния тканей пародонта. Значения индексов состояния тканей пародонта и гигиены полости рта изменились следующим образом: ПИ –  $1,40 \pm 0,09$ ; ПМА –  $10,05 \pm 0,95\%$ ; СРІТN –  $1,49 \pm 0,02$ . Проба Шиллера-Писарева – отрицательная у  $87,80 \pm 5,1\%$  пациентов.

Через один месяц, после проведенного лечения, у всех больных II группы не обнаружено клинических признаков воспаления. Пациенты не предъявляли жалоб, слизистая оболочка десны имела нормальную окраску, рельеф десневого края полностью восстановился. Клинически – уменьшился отек слизистой оболочки десны, частично восстановился рельеф десневого края.

Динамика наблюдений за патологическим процессом в пародонте показала, что после проведенного комплексного лечения у пациентов со средней степенью тяжести пародонтита отмечалось существенное улучшение клинической ситуации. Отсутствовала гиперемия и отечность межзубных десневых сосочков, десневой край уплотнился и прилегал к шейкам зубов. Отмечалась положительная динамика значений индексов состояния тканей пародонта и гигиены полости рта: ПИ –  $0,99 \pm 0,04$ ; ПМА –  $2,46 \pm 0,04$  %; СРІТN –  $0,41 \pm 0,13$ .

У всех больных III группы через месяц, после проведенного лечения, не обнаружено клинических признаков воспаления. Пациенты не предъявляли жалоб, слизистая оболочка десны имела нормальную окраску. Клинически: уменьшился отек слизистой оболочки десны, частично восстановился рельеф десневого края. Индексная оценка состояния тканей пародонта и гигиены полости рта позволила установить следующие значения: ПИ –  $1,03 \pm 0,05$ ; ПМА –  $2,31 \pm 0,09$  %; СРІТN –  $0,41 \pm 0,13$ .

У 34 ( $85,00 \pm 5,6\%$ ) больных группы Б выявлена положительная динамика в виде нормализации состояния тканей пародонта. Значения индексов состояния тканей пародонта и гигиены полости рта изменились следующим образом: ПИ –  $1,88 \pm 0,02$ ; ПМА –  $12,36 \pm 1,04\%$ ; СРІТN –  $1,65 \pm 0,05$ . Проба Шиллера-Писарева – отрицательная у  $85,00 \pm 5,6\%$  пациентов.

По данным сравнительной индексной оценки состояния тканей пародонта у пациентов со средней степенью тяжести необходимо сделать



вывод о существенных отличиях в динамике терапии, как в основных, так и в группах сравнения к сроку 1 месяц. Выявлена высокая эффективность предложенных методов лечения, о чём свидетельствуют улучшения клинической картины и анамнестических данных. Так, стабилизация патологического процесса отмечена к 1 месяцу у большинства пациентов I, II, III групп, в то время как, в группах сравнения положительная динамика была менее выражена.

Таким образом, анализ динамики клинических показателей, индексной оценки состояния пародонта в ближайшие и отдалённые сроки лечения болезней пародонта позволил установить, что включение в комплексном лечении предложенных нами лекарственных композиций на основе препарата Вобэнзим и антибактериальных препаратов, способствуют улучшению регенеративной способности тканей пародонта, о чем свидетельствуют стабилизация патологического процесса и удлинения периода ремиссии. В связи изложенным указанную методику лечения необходимо включить больным с заболеваниями пародонта в качестве лечебно-профилактического курса.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Грудянов А.И., Дмитриева Л.А., Максимовский Ю.М. Пародонтология. Современное состояние вопроса и направления научных разработок //Стоматология – 1999, №1, С . 31-33.
2. Дмитриева Л.А., Крайнева А.Г. Современные представления о роли микрофлоры в патогенезе заболеваний пародонта //Пародонтология - 2004. №1,С.2-4.
3. Кенбаев В.О., Дюсупов К.Б. Комплексное лечение при разлитых флегмонах шеи // Проблемы стоматологии, №4(22), 2003 г.
4. Веремеенко К.Н., Коваленко В.Н. Системная энзимотерапия. Теоретические основы, опыт клинического применения. – Киев: Морион, 2000, 320 с.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Әр түрлі дәрежедегі пародонт ауруымен ауыратын науқастарды кешенді емдеу үшін қолданылған фермент Вобензим мен антибактериальды препараттың пародонт тіндеріне жағымды әсері анықталып, пародонт тіндеріндегі патологиялық үдерістер ұзақ уақыт тұрақталып ремиссия кезінің ұзарғаны байқалды және аталған тәсіл пародонт ауруларын емдеу және алдын алу шараларының ішіне қосуды талап етеді.

**(Байтов К.А. Пародонт ауруларын кешенді емдеу барысындағы жүйелі энзимотерапияның тиімділігі)**

#### SUMMARY

The analysis of dynamics of clinical and radiological indicators, index estimation of a condition parodontita in the nearest and remote terms after treatment chronic generalic parodontita easy and moderate severity level, the data of microbiological research, has allowed to establish that inclusion in complex treatment of the medicinal compositions offered by us on the basis of a preparation of Vobenzim and antibacterial preparations, promotes increase of clinical efficiency of regenerative therapy, stabilization of process and remission lengthening.

**(Bayitov K.A. The effectiveness of Systemic Enzymotherapy in the Complex Treatment of Periodontal Diseases)**

**АСА ҚАДІРЛІ АМАНКҰЛ ЖАҚАНҚЫЗЫ!**



Сізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, ұзақ ғұмыр тілейміз.

Бүгінгі және келер ұрпаққа өнегелі өміріңіздің тұтастай ғылымға арналғаны белгілі. Соның нәтижесі ретінде Сіздің 350-ден астам ғылыми жұмыстарыңыз жарық көрген, оның ішінде 5 монография, оның бірі Германияда жарияланған, 5 оқулық және 15-тен астам оқу құралы, 4 терминдер түсіндірме сөздігі, 1 экологиялық энциклопедия, 20-дан астам өнертабыс патенттерінің және авторлық куәліктердің авторысыз.

Сіздің жетекшілігіңізбен 2 докторлық, 2 PhD-докторлық, 11 кандидаттық және 15-тен астам магистрлік диссертациялар қорғалды. Мұның өзі ұлағатты ұстаз-ғалымның мол жетістігінің бір парасы ғана.

2012 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» Мемлекеттік грантына ие болдыңыз. Сол жылы өнертабысты дамытуға қосқан үлесіңіз үшін А.Нобель медалімен (Ресей Жаратылыстану академиясы), 2013 жылы «Еңбекпен және біліммен» Халықаралық орденімен (Халықаралық Консорциум, Мюнхен, Германия), 2013 жылы Ресей Жаратылыстану академиясының «Ғылым мен білімге еңбек сіңірген қайраткер» медалімен, 2015 жылы Париждік кітап салонының Алтын медалімен (Париж, Франция) марапатталдыңыз.

Сіздің басқаруыңызбен жүргізіліп жатқан Қазақстанның Оңтүстік өңіріндегі экологиялық зардаптарды азайту мақсатындағы экологиялық сараптау, ауа атмосферасын тазалау және мониторинг, құрылыс материалдарын қалдықтардан алу, технологиялық үдерістердің аз немесе қалдықсыз технологияларды жасау арқылы тауарлық өнімдерді алу, топырақты зиянды қалдықтар мен ауыр металдардан детоксикациялау әдістерін жасау, Ұлы Жібек Жолының бойындағы тарихи ескерткіштерді қорғау және қайта өңдеу, дәрілік-профилактикалық, биологиялық белсенді заттарды жасау, ауыл шаруашылығындағы жануарларды әртүрлі аурулардан емдеу бағытындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарыңыз да мол нәтижелерін беріп отыр.

Аманкүл Жақанқызы! Бүгінгі мерейлі тойыңыздың үстінде Сізге тағы да мол табыс, қуанышты көңіл-күй тілей отырып, жүзіңіз жарқын, мерейіңіз үстем болсын демекпіз!

**Құрметпен:  
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ ұжымы.**

---

---

**МАЗМҰНЫ**

---

---

**ПЕДАГОГИКА**

---

---

ОРТАЕВ Б.Т. МОЛЖАНОВА М.А. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің психомоторлы дағдыларын калыптастыру жөнінде	3-10
--	------

---

---

**ТАРИХ**

---

---

АЛБЖАНОВА Э.Е. Административно-территориальное устройство Южного Казахстана во второй половине XIX века	11-16
---	-------

---

---

**ДІНТАНУ**

---

---

МАЛИКОВА С.С. НИШАНБАЕВА К.В. Суфизм в контексте культуры	17-25
ТӘЙТЕЛИЕВА Ә. Хадис те, мақал да бір өнеге	26-32

---

---

**ЭКОНОМИКА**

---

---

БАЙБОСЫНОВА Г.Ж. ХАКАНА. Қазақстан республикасындағы еңбек ресурстарын басқару мен халықты жұмыспен қамту мәселелері	33-39
ӘЗІРЕТБЕРГЕНОВА Г.Ж. ЖАНАГИЗОВА Р.А. Аграрлық секторда су шаруашылығы инфрақұрылымын дамытудың теориялық аспектілері	40-47

---

---

**ЭНЕРГЕТИКА**

---

---

РУСТАМОВ Н.Т. АМИРОВА А.Н. Методика определения теплопроизводительности плоского солнечного коллектора	48-53
РУСТАМОВ Н.Т. АМИРХАНОВА Д.Ж. Критерий выбора мощности двигателя в электроприводах	54-59

---

---

**МЕХАНИКА**

---

---

АЙНАБЕКОВ А.И. ПЕЧЕРСКИЙ В.Н. МОЛДАГАЛИЕВ А.Б. СЕРИКБАЕВ Т.Т. Расчетно-экспериментальная оценка долговечности элементов энергетических машин с учетом коррозионного воздействия	60-67
АЙНАБЕКОВ А.И. СУЛЕЙМЕНОВ У.С. КАМБАРОВ М.А. АБШЕНОВ Х.А. Численный анализ напряженно-деформируемого состояния зоны вмятины стенки цилиндрических резервуаров	68-74

---

---

АЙНАБЕКОВ А.И. СУЛЕЙМЕНОВ У.С. КАМБАРОВ М.А. АБШЕНОВ Х.А. ЖАНАБАЙ Н.Ж.	Нормирование ресурса вертикальных цилиндрических резервуаров с учетом концентрации напряжений в зоне дефекта в виде вмятин стенки	75-80
АЙНАБЕКОВ А.И. ПОГОДАЕВ Л.И. СЕЙТКАЗЕНОВА К.К.	Модель эрозионного воздействия кавитации	81-85
АЙНАБЕКОВ А.И. АРАПОВ Б.Р. СЕЙТКАЗЕНОВА К.К. СЕРИКБАЕВ Т.Т.	Механизм влияния анодного растворения стали на снижение ее пластичности и учет этого снижения при расчете долговечности несущего элемента конструкций	86-93
<b>МАТЕМАТИКА</b>		
ТУРМЕТОВ Б.Х. ХАЛИКОВ Ш.М.	Об операторном методе решения полилинейных дифференциальных уравнений дробного порядка	94-99
ТУРМЕТОВ Б.Х. МАМУРОВА С.Э.	О периодических краевых задачах для уравнения Пуассона	100-104
<b>ХИМИЯ</b>		
АЛТЫНБЕКОВА М.О. ТӨЛЕШОВА З.У.	Топырақты агрохимиялық талдау	105-110
<b>ЭКОЛОГИЯ</b>		
БАЙХАМУРОВА М.О. ТІНЕЙБАЙ Ә.М.	Арыстан баб кесенесінің құдық суларын сорбциялық әдіс арқылы тұзсыздандыру	111-115
<b>МЕДИЦИНА</b>		
БАЙТОВ К.А.	Эффективность применения системной энзимотерапии в комплексном лечении болезней пародонта	116-121
<b>ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!</b>		
Ақбасова Аманкүл Жақанқызы	70 жаста	122
<b>МАЗМҰНЫ</b>		123-124